2026 №7 (32)

Ұнабат

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



ЖАС ДАРЫННЫҢ ЖАРҚЫН ЖОЛЫ

ТАМ, ГДЕ ЖИВЕТ ЛЮБОВЬ, РЕБЕНОК ЧУВСТВУЕТ СЕБЯ СЧАСТЛИВЫМ

7–8 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ


БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН
ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ
СЛУЖБА ЗАЩИТЫ ПРАВ ДЕТЕЙ
111
24/7
БІЗГЕ ЖАЗ,
БІЗГЕ ҚОҢЫРАУ ШАЛ
БІЗ САҒАН КӨМЕКТЕСЕМІЗ!
НАПИШИ НАМ, ПОЗВОНИ НАМ,
МЫ ТЕБЕ ПОМОЖЕМ!

Құрметті оқырмандар, қымбатты ата-аналар мен ұстаздар!

Сіздерге «Инабат» журналының шілде айындағы жаңа санын ұсынамыз!

Бұл шығарылымда біз қоғам мен білім беру саласында өзекті болып отырған маңызды тақырыптарды қамтуға тырыстық. Еліміздің басты құндылығы – адам, отбасы және бала екенін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Конституциясының қоғам өміріндегі маңызына, азаматтық жауапкершілік пен құқықтық мәдениетті қалыптастырудағы рөліне ерекше назар аудардық. Конституциялық құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіру – әрбір отбасы мен білім беру ұйымының ортақ міндеті.

Отбасы – тұлғаның қалыптасуындағы алғашқы әрі ең маңызды орта. Осыған орай, журналымыздың бұл санында бақытты отбасының берік негіздері, ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынас және отбасылық құндылықтарды дәріптейтін мазмұнды материалдар ұсынылды.

Білім беру саласындағы жаңашылдықтар мен жетістіктер де назардан тыс қалған жоқ. Білім сапасын арттыруға бағытталған әрбір өзгеріс – болашақ ұрпақтың жарқын келешегіне салынған инвестиция.

«Инабат» журналы алдағы уақытта да бала тәрбиесі, отбасы институтын нығайту және білім беру саласындағы үздік тәжірибелерді насихаттау бағытындағы жұмыстарын жалғастыра береді. Өйткені білімді, тәрбиелі әрі жауапты ұрпақ – еліміздің ең басты байлығы.

Баршаңызға тыныштық, шаңырақтарыңызға бақ-береке, балаларыңызға зор денсаулық пен жарқын болашақ тілейміз!

Бірлігіміз бекем, келешегіміз кемел болсын! ■

Уважаемые читатели, дорогие родители и педагоги!

Рады приветствовать вас на страницах июльского номера журнала «Инабат»!

В этом выпуске мы постарались осветить актуальные темы, имеющие особое значение для современного общества и системы образования. Осознавая, что главной ценностью нашей страны являются человек, семья и ребенок, мы уделили особое внимание значению Конституции Республики Казахстан в жизни общества, а также ее роли в формировании гражданской ответственности и правовой культуры. Воспитание уважения к конституционным ценностям у подрастающего поколения – общая задача семьи и образовательных организаций.

Семья – первый и самый важный социальный институт, в котором формируется личность ребенка. Именно поэтому мы подготовили материалы, посвященные основам счастливой семьи, доверительным отношениям между родителями и детьми, а также сохранению и укреплению семейных ценностей.

Особое место в выпуске занимают материалы о достижениях и современных тенденциях в сфере образования. Каждое позитивное изменение, направленное на повышение качества образования, – это вклад в благополучное будущее подрастающего поколения.

Мы будем и в дальнейшем продолжать работу по освещению лучших практик воспитания детей, укрепления института семьи и развития системы образования. Ведь образованное, воспитанное и ответственное молодое поколение – главное богатство нашей страны.

Желаем мира, благополучия, семейного счастья, крепкого здоровья вам и вашим детям и светлого будущего!

Пусть наше единство крепнет, а будущее Казахстана будет успешным и процветающим! ■

@INABAT_NEWS

inabat_news





БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БАСТЫ ӨЗГЕРІСТЕР:

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ МӘРТЕБЕСІ АРТЫП, БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ЖАҢА САТЫҒА КӨТЕРІЛДІ

КЛЮЧЕВЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ:

СТАТУС УЧИТЕЛЕЙ ПОВЫШЕН, А СИСТЕМА ОБРАЗОВАНИЯ ВЫХОДИТ НА НОВЫЙ УРОВЕНЬ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру жүйесін жетілдіруге және педагогтердің құқықтық жағдайын қорғауға бағытталған маңызды заңға қол қойды.

Бұл бастама 2025 жылғы тамыз конференциясында берілген тапсырмалардың нәтижесінде жүзеге асырылып отыр және педагогтердің кәсіби беделін көтерумен қатар, оқу процесіндегі бюрократиялық кедергілерді жоюға әрі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Жаңа заңнамалық түзетулерге сәйкес, педагог-

Глава государства Касым-Жомарт Токаев подписал важный закон, направленный на совершенствование системы образования и защиту правового положения педагогов.

Эта инициатива реализуется во исполнение поручений, данных на августовской конференции 2025 года, и направлена как на повышение профессионального авторитета педагогов, так и на устранение бюрократических барьеров в учебном процессе и обеспечение безопасности детей.

Согласно новым законодательным поправкам, строго запрещается привлекать



терді кәсіби міндетіне жатпайтын жұмыстарға тартуға қатаң тыйым салынады. Ендігі жерде мұғалімдерден заңнамада көзделмеген артық есептер мен мәліметтер талап етуге болмайды, ал құжаттаманы бір мезгілде қағаз және электронды форматта жүргізуге мәжбүрлеген тұлғаларға қатысты арнайы әкімшілік жауапкершілік енгізіледі.

Сонымен қатар, мұғалімдер мен мектеп басшыларының білім алушылар алдындағы жауапкершілігі тек тікелей білім беру процесі уақытымен шектелетін болады, бұл ретте

педагогов к выполнению обязанностей, не связанных с их профессиональной деятельностью. Теперь у учителей нельзя требовать отчеты и сведения, не предусмотренные законодательством, а за принуждение к ведению документации одновременно в бумажном и электронном форматах вводится специальная административная ответственность.

Кроме того, ответственность учителей и руководства школ перед обучающимися будет ограничена только периодом выполнения ими профессиональных обязанностей, то есть временем образовательного процесса, при этом четко разграничена ответственность родителей за жизнь, здоровье и безопасность ребенка.

Министерству просвещения предоставлено право утверждать правила использования мобильных телефонов в школах, а в целях повышения качества образования вводится понятие «академическая честность» и формируется культура уважения к интеллектуальной собственности.

В рамках поддержки одаренных детей на акиматы возлагается обязанность по обеспечению качественной подготовки и участия региональных победителей в республиканских олимпиадах и конкурсах научных проектов, а также в спортивных соревнованиях и конкурсах профессионального мастерства республиканского и международного уровней.

баланың өмірі мен денсаулығы үшін ата-ананың жауапкершілігі де нақтыланды.

Оқу-ағарту министрлігіне мектептерде ұялы телефондарды пайдалану қағидаларын бекіту құқығы берілді, ал білім сапасын арттыру мақсатында «академиялық адалдық» түсінігі енгізіліп, зияткерлік меншікке құрмет мәдениеті қалыптастырылады.

Дарынды балаларды қолдау аясында әкімдіктер олимпиадалар мен халықаралық жарыстарға қатысатын жеңімпаздардың сапалы дайындығы мен қатысуын қамтамасыз етуге міндеттелді.

Сонымен қатар, WorldSkills халықаралық байқауының жеңімпаздары үшін ҰБТ тапсырмай-ақ бейіндік бағдарламалар бойынша университеттерге түсуге мүмкіндік ашылады. Бұл заңаясында психологиялық-педагогикалық қолдауды қажет ететін балаларға арналған шаралар кеңейтіліп, шетелдік жоғары оқу орындары филиалдарының қызметі реттеліп, медициналық кадрларды даярлау жүйесі жаңа сапалық деңгейге көшірілмек.

Бұл кешенді өзгерістер педагогтердің еркін жұмыс істеуіне, ал оқушылардың сапалы білім мен тәрбие алуына қолайлы орта қалыптастыруды көздейді. ■

https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/1240772?lang=kk

Наряду с этим, для победителей международных конкурсов профессионального мастерства WorldSkills открывается возможность поступления в университеты по профильным образовательным программам без сдачи ЕНТ. В рамках данного закона расширяются меры поддержки детей, нуждающихся в психолого-педагогической помощи, регулируется деятельность филиалов зарубежных вузов и совершенствуется система подготовки медицинских кадров.

Эти комплексные изменения нацелены на создание благоприятной среды для свободной работы педагогов, а также для получения учащимися качественного образования и воспитания. ■



ОТВЕТСТВЕННОСТЬ УЧИТЕЛЕЙ И РУКОВОДСТВА ШКОЛ ПЕРЕД ОБУЧАЮЩИМИСЯ БУДЕТ ОГРАНИЧЕНА ТОЛЬКО ПЕРИОДОМ ВЫПОЛНЕНИЯ ИМИ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ОБЯЗАННОСТЕЙ

https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/1240772?lang=ru



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУШЫЛАР

ЕУРОПАДА ӨТКЕН ФИЗИКА ОЛИМПИАДАСЫНДА ҮЗДІК НӘТИЖЕ КӨРСЕТТІ

Швецияның Гетеборг қаласында өткен 10-шы Еуропалық физика олимпиадасы (EuPhO 2026) өз мәресіне жетті. Әлемнің 41 елінен 200-ден астам дарынды оқушы бақ сынаған беделді білім додасында Қазақстан ұлттық құрамасы жарқын жеңіске жетіп,

В шведском Гетеборге завершилась юбилейная 10-я Европейская физическая олимпиада (EuPhO 2026). В престижном интеллектуальном состязании, собравшем более 200 талантливых школьников из 41 страны мира, национальная сборная Казахстана

КАЗАХСТАНСКИЕ ШКОЛЬНИКИ ПОКАЗАЛИ ОТЛИЧНЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ НА ЕВРОПЕЙСКОЙ ФИЗИЧЕСКОЙ ОЛИМПИАДЕ

қоржынына 3 күміс және 1 қола медаль салды.

Халықаралық деңгейдегі жеңімпаздар

Физика пәні бойынша білімі мен тапқырлығын дәлелдеген отандық оқушылардың жетістігі еліміздің білім беру саласындағы беделін тағы бір мәрте асқақтатты. Жеңімпаздар тізімі төмендегідей:

показала высокие результаты, завоевав 3 серебряные и 1 бронзовую медали.

Победители международного уровня

Успех наших школьников, доказавших свои глубокие знания и находчивость в области физики, еще раз подтвердил высокий авторитет казахстанского образования на мировой арене. Список победителей:





ЕВРОПЕЙСКАЯ ФИЗИЧЕСКАЯ ОЛИМПИАДА (EUPHO) ЯВЛЯЕТСЯ ОДНИМ ИЗ САМЫХ ПРЕСТИЖНЫХ МЕЖДУНАРОДНЫХ СОРЕВНОВАНИЙ

Күміс медаль иегерлері:

Сейтқамит Арғын – Астана қаласы Нұра ауданындағы NIS (жаратылыстану-математика бағыты) 11-сынып оқушысы;

Әбдіқадыр Таир – Қостанай облыстық дарынды балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернатының 11-сынып оқушысы;

Обладатели серебряных медалей:

Сейткамит Аргын – ученик 11-го класса школы NIS (естественно-математического направления) района Нура города Астаны;

Абдикадыр Таир – ученик 11-го класса областного лицея-интерната «Білім-инновация» для одаренных детей Костанайской области;

Сабыров Мерген – ученик 10-го класса школы NURORDA города Астаны.

Обладатель бронзовой медали:

Жоламан Абылайхан – ученик 10-го класса школы NURORDA города Алматы.

Вклад наставников

Огромный вклад в высокие достижения учеников на международной арене внесли их тренеры и наставники. Национальную сборную к

Сабыров Мерген – Астана қаласындағы NURORDA мектебінің 10-сынып оқушысы.

Қола медаль иегері:

Жоламан Абылайхан – Алматы қаласындағы NURORDA мектебінің 10-сынып оқушысы.

Ұстаздардың еңбегі

Оқушылардың халықаралық аренада жоғары нәтиже көрсетуіне бапкерлік еткен тәлімгерлер де үлкен үлес қосты. Ұлттық құраманы жарысқа Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы Бекмырза Бейсенов пен халықаралық олимпиадалардың жүлдегері Темірлан Исмағұлов дайындады.

Еуропалық физика олимпиадасы (EuPhO) – мектеп оқушыларының теориялық білімі мен эксперименттік дағдыларын жан-жақты сынайтын әлемдегі ең беделді интеллектуалды жарыстардың бірі.

Қазақстандық жас физиктердің бұл жеңісі – еліміздегі дарынды жастарды қолдаудың және білім беру жүйесінің жоғары деңгейінің нәтижесі. Жеңімпаз оқушыларымызды бұл жарқын жетістіктерімен құттықтаймыз! ■

https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/1242336?lang=kk

олимпиаде подготовили старший преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби Бекмырза Бейсенов и призер международных олимпиад Темирлан Исмагулов.

Европейская физическая олимпиада (EuPhO) является одним из самых престижных международных соревнований, где всесторонне оцениваются теоретические знания и экспериментальные навыки школьников по физике.

Победа молодых казахстанских физиков – это результат системной поддержки одаренной молодежи и высокого качества образования в нашей стране. Поздравляем наших школьников с этим ярким достижением! ■



https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/1242336?lang=ru

ОРТАҚ ТАМЫР, ОРТАҚ БОЛАШАҚ:
БУРАБАЙДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «АТАМЕКЕН» БАЛАЛАР ҚҰРЫЛТАЙЫ ӨТТІ



ОБЩИЕ КОРНИ, ОБЩЕЕ БУДУЩЕЕ:
В БУРАБАЕ ПРОШЕЛ МЕЖДУНАРОДНЫЙ ДЕТСКИЙ КУРУЛТАЙ «АТАМЕКЕН»

Қазақстанның «Швейцариясы» атанған Бурабай өңірінде «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында әлемнің 11 елінен келген 288 қандас баланың басын қосқан халықаралық құрылтай өз жұмысын бастады. Бұл – жай ғана жазғы демалыс емес, шетелдегі қазақ жастарын тарихи Отанымен қайта табыстыратын, ұлттық рухты жаңғыртатын маңызды бастама.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен және Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының ұйымдастыруымен жүзеге асырылып жатқан бұл жобаның басты мақсаты – шетелде өсіп-өнген қазақ балаларының атажұртпен байланысын нығайту, ұлттық болмысты, ана тілі мен мәдениетті дәріптеу.

Екі аптаға созылатын бас-қосу барысында жас жеткіншектер Бурабайдың табиғатымен танысып қана қоймай, қазақ халқының тарихы мен мәдени мұрасын терең зерттейді. Бағдарлама аясында ұлттық ойындар, қолөнер және өнер сабақтары, спорттық жарыстар, шығармашылық кездесулер мен танымдық экскурсиялар ұйымдастырылады.

«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар»

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының кеңесшісі Қарлығаш Бекпатшақызының айтуынша, 2003 жылы небәрі 7 баламен басталған бұл игі бастама

В живописном регионе Бурабай, который называют «казахстанской Швейцарией», в республиканском учебно-оздоровительном центре «Балдаурен» начал свою работу международный курултай, объединивший 288 детей-соотечественников из 11 стран мира. Это не просто летний отдых, а важная инициатива, призванная воссоединить казахскую молодежь, живущую за рубежом, с исторической Родиной и возродить национальный дух.

Данный проект, реализуемый при поддержке Министерства просвещения Республики Казахстан и по инициативе Всемирной ассоциации казахов, преследует главную цель – укрепление связи детей, выросших в иностранных государствах, с атажуртом (исторической Родиной), популяризация национального самосознания, родного языка и культуры.

В течение двух недель, пока длится лагерь, юные участники не только знакомятся с красотами Бурабая, но и глубоко изучают историю и культурное наследие казахского народа. Программа включает в себя уроки по национальным играм, ремеслам и искусству, спортивные соревнования, творческие встречи и познавательные экскурсии.

«Лучшие из лучших»

По словам советника председателя Всемирной ассоциации казахов Карлыгаш Бекпатшакызы, эта добрая ини-



ӨТІНІШ БІЛДІРГЕН ҚАНДАСТАРДЫҢ АРАСЫНАН ӘРТҮРЛІ САЛАДА ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТКЕН, ЖҮЛДЕЛІ ОРЫН АЛҒАН ДАРЫНДЫ БАЛАЛАР ІРІКТЕЛЕДІ. ОЛАР – САЙДЫҢ ТАСЫНДАЙ ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК ЖАСТАР.



циатива, стартовавшая в 2003 году всего с 7 детей, сегодня превратилась в масштабный международный проект.

«Из числа подавших заявки соотечественников отбираются талантливые дети, достигшие успехов в различных сферах и занимавшие призовые места. Еще одна особенность нынешнего курултая – юные поэты, приехавшие из Китая, демонстрируют детям искусство айтыса», – отметила она.

Первый заместитель председателя Всемирной ассоциации казахов Зауытбек Турысбеков подчеркнул значимость подобных проектов в укреплении национальных корней:

«Ребенок сегодня – это гражданин страны завтра. Приехав на Родину, дети знакомятся и общаются друг с другом. Это важный духовный мост для будущего. Открывается путь для молодежи, которая в

бүгінде ауқымды халықаралық жобаға айналған.

«Өтініш білдірген қандастардың арасынан әртүрлі салада жетістікке жеткен, жүлделі орын алған дарынды балалар іріктеледі. Биылғы құрылтайдың тағы бір ерекшелігі – Қытайдан келген жас ақындардың балаларға айтыс өнерін паш етуі», – деді ол.

Дүниежүзі қазақтар қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Зауытбек Тұрысбеков мұндай жобалардың ұлттық тамырды тереңдетудегі маңызын атап өтті:

«Бүгінгі бала – ертеңгі елдің азаматы. Елге келген соң олар бір-бірімен танысып, араласады. Бұл – келешек үшін маңызды рухани көпір. Болашақта Қазақстанға келіп білім алып, елдің дамуына үлес қосатын жастарға жол ашылады».

Биылғы құрылтайға әлемнің түкпір-түкпірінен 288 дарынды бала жиналды. Олардың қатарында:

Моңғолиядан – 70 бала;

Қытайдан – 60 бала;

дальнейшем сможет приехать в Казахстан, получить образование и внести свой вклад в развитие страны».

В нынешнем курултае приняли участие 288 талантливых детей со всего мира. Среди них:

из Монголии – 70 детей;

из Китая – 60 детей;

из Узбекистана – 50 детей;

из России – 45 детей;

из Кыргызстана – 35 детей;

из Туркменистана – 15 детей;

из Турции – 4 ребенка;

из Ирана и Афганистана – по 3 ребенка;

из Таджикистана – 2 ребенка;

из Страны Европы – 1 ребенок.

Министерство просвещения ежегодно выделяет специальную квоту для отдыха этнических казахских детей из-за рубежа на их исторической Родине. Всемирная ассоциация казахов осуществляет работу по отбору участников, оформлению документов, организации проезда и координации программы курултая.

Международный детский



Өзбекстаннан – 50 бала;
Ресейден – 45 бала;
Қырғызстаннан – 35 бала;
Түрікменстаннан – 15 бала;
Түркиядан – 4 бала;
Иран мен Ауғанстаннан – 3 баладан;
Тәжікстаннан – 2 бала;
Еуропа елдерінен – 1 бала.

Оқу-ағарту министрлігі жыл сайын шетелдегі этникалық қазақ балаларының тарихи Отанында демалуына арнайы квота бөледі. Ал Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы балаларды іріктеу, құжаттарын рәсімдеу, жол жүруін ұйымдастыру және бағдарламаны үйлестіру жұмыстарын толықтай атқарады.

«Атамекен» халықаралық балалар құрылтайы – шетелдегі қазақ балаларының ұлттық бірегейлігін сақтап, әлем қазақтарының тұтастығын нығайтатын маңызды рухани алаң болып қала береді. Қашықтық пен шекара оларды бөлгенімен, бұл кездесу олардың бір тамырдан тарағанын, ортақ Отаны – Қазақстан екенін тағы бір мәрте айқындап берді. ■

https://kaz.inform.kz/news/burabayda-sheteldeg-kazak-balalarina-arnalgan-atameken-kuriltayi-otp-zhatir-1f84555e

курултай «Атамекен» остается важным международным проектом, направленным на сохранение национальной идентичности казахских детей за рубежом, углубление их духовной связи с Казахстаном и укрепление единства казахов всего мира. Несмотря на то, что расстояние и границы разделяют их, эта встреча еще раз подтвердила, что все они происходят из одного корня, а их общая Родина – Казахстан. ■



ИЗ ЧИСЛА ПОДАВШИХ ЗАЯВКИ СООТЕЧЕСТВЕННИКОВ ОТБИРАЮТСЯ ТАЛАНТЛИВЫЕ ДЕТИ, ДОСТИГШИЕ УСПЕХОВ В РАЗЛИЧНЫХ СФЕРАХ И ЗАНИМАВШИЕ ПРИЗОВЫЕ МЕСТА. ОДНИМ СЛОВОМ, ЭТО ОТОБРАННЫЕ «СЛИВКИ» МОЛОДЕЖИ.

https://kaz.inform.kz/news/burabayda-sheteldeg-kazak-balalarina-arnalgan-atameken-kuriltayi-otp-zhatir-1f84555e

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП –
САПАЛЫ БІЛІМНІҢ НЕГІЗІ



ЗАКОН И ПОРЯДОК –
ОСНОВА КАЧЕСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының күшіне енуі еліміздің даму тарихындағы жаңа кезеңді айқындап берді. Адами капиталды дамытуды стратегиялық басымдық деп

Вступление в силу новой Конституции Республики Казахстан ознаменовало собой новый этап в истории развития нашей страны. Объявив развитие человеческого капитала стратегическим приоритетом,

жариялаған жаңа Ата Заң ұлттық білім беру жүйесін түбегейлі жаңғыртуға қуатты серпін беріп отыр.

Конституциялық кепілдіктер: Білім – мемлекеттің басты бағыты

Жаңа Ата Заң өскелең ұрпақтың құқықтарын ең жоғары құқықтық деңгейде бекітіп, оларға қамқорлық жасауды мемлекеттің мызғымас міндетіне айналдырды.

КОНСТИТУЦИЯНЫҢ 33-БАБЫ АЗАМАТТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ОРТА БІЛІМДІ ТЕГІН АЛУ ҚҰҚЫҒЫНА ТІКЕЛЕЙ КЕПІЛДІК БЕРЕДІ



новый Основной закон придал мощный импульс коренной модернизации национальной системы образования.

Конституционные гарантии: Образование – главное направление государства.

Новый Основной закон закрепил права подрастающего поколения на самом высоком правовом уровне, превратив заботу о них в незыблемую обязанность государства. В преамбуле документа развитие образования, науки и инноваций особо обозначено в качестве ключевых направлений, определяющих будущее страны.

Статья 33 Конституции прямо гарантирует гражданам право на получение бесплатного среднего образования в государственных учебных заведениях. Это – равные возможности для получения качественного образования каждым ребенком, вне зависимости от его социального положения.

Равные возможности и единые стандарты.

Одним из важных новшеств стал строгий контроль качества образования. В соответствии с Конституцией, все организации образования в стране, независимо от формы собственности (государственные или частные), подчиняются общеобязательным образовательным стандартам, установленным государством. Эта мера направлена на унификацию качества образования и обеспечение равного доступа к знаниям для каждого учени-

Құжаттың кіріспе бөлігінде білім, ғылым және инновацияларды дамыту елдің болашағын айқындайтын басты бағыттар ретінде арнайы көрсетілген.

Конституцияның 33-бабы азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында орта білімді тегін алу құқығына тікелей кепілдік береді. Бұл – әрбір баланың әлеуметтік жағдайына қарамастан сапалы білім алуына жасалған тең мүмкіндік.

Тең мүмкіндік және бірыңғай стандарттар.

Маңызды жаңашылдықтардың бірі – білім беру сапасын қатаң бақылауға алу. Конституцияға сәйкес, меншік нысанына қарамастан (мемлекеттік немесе жекеменшік болсын), еліміздегі барлық білім беру ұйымдары мемлекет бекіткен жалпыға міндетті стандарттарға бағынады. Бұл шара білім беру сапасын біріздендіріп, әрбір оқушының тұрғылықты жеріне қарамастан бірдей білім алуына жол ашады.

Құқықтық сауаттылық – жаңа буынның басты қаруы

Оқу-ағарту министрлігі жаңа конституциялық нормаларды жас ұрпаққа жете түсіндіру мақсатында жүйелі жұмыстарды бастап кетті. Оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру үшін жаңа оқу жылынан бастап білім бағдарламаларына маңызды өзгерістер енгізілмек:

- 5–7-сыныптар: «Конституция негіздері» пәні;
- 8–11-сыныптар: «Заң мен тәртіп» курсы;



ПРАВОВАЯ ГРАМОТНОСТЬ – ГЛАВНОЕ ОРУЖИЕ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ

ка, независимо от места проживания.

Правовая грамотность – главное оружие нового поколения

Министерство просвещения приступило к системной работе по разъяснению новых конституционных норм подрастающему поколению. В целях формирования правовой культуры учащихся, с нового учебного года в образовательные программы вносятся важные изменения:

- 5–7 классы: предмет «Основы Конституции»;
- 8–11 классы: курс «Закон и порядок»;

Начальные классы: специ-

Бастауыш сыныптар: «Конституция әлеміне саяхат» атты арнайы иллюстрациялық оқу құралы.

Сонымен қатар, «Құқық негіздері» пәнінің мазмұны толығымен жаңартылды.

«Заң мен Тәртіп» – жаңа ұрпақтың бағдары.

Жаңа мемлекеттік құндылықтарды дәріптеу іс жүзінде басталып та кетті. 25 мамырда еліміздің барлық мектептерінде 3,9 миллионнан астам оқушыны қамтыған «Заң мен тәртіп – Конституция құндылықтарының негізі» атты бірыңғай сынып сағаты өтті.

Бұл бастамалар жасөспірімдердің заңға деген құрметін арттырып, оларды белсенді азаматтық ұстанымы бар, жауапты әрі отансүйгіш тұлғалар ретінде тәрбиелеуге бағытталған. Қабылданып жатқан шаралар «Заң мен Тәртіп» қағидатына негізделген Әділетті Қазақстанның жарқын болашағына салынған инвестиция болып табылады. ■

https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/1251639?lang=kk

альное иллюстративное учебное пособие «Путешествие в мир Конституции».

Кроме того, полностью обновлено содержание предмета «Основы права».

«Закон и порядок» – ориентир для нового поколения

Продвижение пропаганда новых государственных ценностей уже началась на практике. 25 мая во всех школах страны прошел единый классный час на тему «Закон и порядок – основа конституционных ценностей», охвативший более 3,9 миллиона казахстанских школьников.

Эти инициативы направлены на повышение уважения подростков к закону, воспитание из них ответственных и патриотичных граждан с активной гражданской позицией. Принимаемые меры являются инвестицией в светлое будущее Справедливого Казахстана, основанного на принципе «Закон и Порядок». ■

https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/1251639?lang=ru

ПЕДАГОГТЕРГЕ
ПЕДАГОГАМ



ӘДЕБИ ШЫҒАРМАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ КІТАПХАНА МЕН ПӘН МҰҒАЛІМІНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ

А. Жүсіпбекова,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Сауран жалпы білім беретін мектебі
Сауран ауылы,
Түркістан облысы



ИНТЕГРАЦИЯ БИБЛИОТЕКИ И УЧИТЕЛЯ-ПРЕДМЕТНИКА В ПРЕПОДАВАНИИ ЛИТЕРАТУРНОГО ПРОИЗВЕДЕНИЯ

А. Жүсіпбекова,
учитель казахского языка и литературы,
общеобразовательная школа Сауран,
село Сауран
Туркестанская область

Қазіргі білім беру жүйесі оқушыға дайын білімді оқытумен ғана шектелмейді. Заманауи мектептің басты міндеті – ақпаратты талдай алатын, өз пікірін дәлелдей білетін, шығармашылықпен ойлайтын, өмірлік жағдаяттарда алған білімін қолдана алатын тұлға қалыптастыру. Бұл міндетті жүзеге асыруда пән мұғалімі мен мектеп кітапханасының өзара ықпалдастығы ерекше маңызға ие.

Ұлттық білім беру кеңістігінде кітапхана бұрынғыдай тек кітап сақталатын орын ретінде қарастырылмайды. Ол – білім алушының танымдық белсенділігін арттыратын, зерттеушілік

Современная система образования не ограничивается лишь освоением учащимися готовых знаний. Главная задача современной школы – формирование личности, способной анализировать информацию, аргументированно выражать своё мнение, мыслить творчески и применять полученные знания в жизненных ситуациях. В реализации этой задачи особое значение приобретает эффективное взаимодействие учителя-предметника и школьной библиотеки.

В национальном образовательном пространстве библиотека уже не рассматривается

ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ КІТАПХАНА БҰРЫНҒЫДАЙ ТЕК КІТАП САҚТАЛАТЫН ОРЫН РЕТІНДЕ ҚАРАСТЫРЫЛМАЙДЫ.

мәдениетін қалыптастыратын, ақпараттық және оқу сауаттылығын дамытатын маңызды білім беру ортасы.

Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесі – қазақ балалар әдебиетіндегі тәрбиелік мәні жоғары, жасөспірімнің мінезі, тұлғалық қалыптасуы, өзін-өзі тануы мәселелерін көтеретін шығарма. Шығармадағы Қожа бейнесі арқылы оқушылар адалдық, жауапкершілік, қателікті мойындау, өзгеруге ұмтылу сияқты адамгершілік құндылықтарды талдай алады.

Алайда көркем шығарманы оқыту тек мәтін мазмұнын меңгертумен шектелмеуі тиіс. Қазіргі білім беру үдерісінде оқушыны шығарма әлеміне терең енгізу үшін әртүрлі білім ресурстарын тиімді пайдалану маңызды. Осы тұрғыда кітапхана мен пән мұғалімінің

только как место хранения книг. Это — важная образовательная среда, способствующая повышению познавательной активности обучающегося, формированию исследовательской культуры, развитию информационной и читательской грамотности.

Повесть Бердибека Сокпакбаева «Менің атым Қожа» — это произведение с высоким воспитательным значением в казахской детской литературе, поднимающее вопросы характера подростка, формирования личности и самопознания. Через образ Кожи учащиеся могут анализировать такие нравственные ценности, как честность, ответственность, умение признавать свои ошибки и стремление к изменениям.

Однако преподавание художественного произведения не должно ограничиваться только усвоением содержания текста. В современном образовательном процессе важно эффективно использовать различные образовательные ресурсы для глубокого погружения учащегося в мир произведения. В этом контексте совместная работа библиотеки и учителя-предметника обогащает содержание преподавания литературного произведения и создаёт возможности для развития исследовательских и творческих способностей учащихся.

В процессе преподавания повести «Менің атым Қожа» мы рассматриваем опыт интегра-

бірлескен жұмысы әдеби шығарманы оқытудың мазмұнын байытып, оқушының зерттеушілік және шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Біз «Менің атым Қожа» повесін оқыту барысында кітапхана ресурстары мен заманауи педагогикалық әдістерді кіріктіру тәжірибесін қарастырамыз .

Интеграцияланған оқытудың педагогикалық негіздері

Интеграция – әртүрлі білім көздерін, оқыту әдістерін және білім беру субъектілерін ортақ мақсатқа бағыттай отырып біріктіру үдерісі.

Педагогика ғылымында интеграция білім мазмұнын жаңартудың тиімді тетіктерінің бірі ретінде қарастырылады. Ол білім алушының әлемді тұтас қабылдауына, әртүрлі пәндер арасындағы байланысты түсінуіне ықпал етеді.

Әдебиетті оқытудағы интеграция бірнеше бағытта жүзеге асады:

- пәнаралық интеграция;
- кітапхана мен оқу үдерісінің интеграциясы;
- цифрлық білім беру ресурстарын кіріктіру;
- жобалық және зерттеушілік әрекеттерді біріктіру.

Осы бағыттардың ішінде кітапхана мен пән мұғалімінің серіктестігі ерекше орын алады. Себебі кітапханашы ақпарат көздерін тиімді іріктеп ұсынса, пән мұғалімі сол ақпаратты оқу мақсатына сәйкес ұйымдастырады.

Нәтижесінде оқушы дайын

ции библиотечных ресурсов и современных педагогических методов.

Педагогические основы интегрированного обучения

Интеграция – это процесс объединения различных источников знаний, методов обучения и субъектов образовательного процесса, направленный на достижение общей цели.

В педагогической науке интеграция рассматривается как один из эффективных механизмов обновления содержания образования. Она способствует целостному восприятию мира обучающимся, пониманию взаимосвязи между различными учебными предметами.

Интеграция в преподавании литературы осуществляется по нескольким направлениям:

- межпредметная интеграция;
- интеграция библиотеки и образовательного процесса;
- внедрение цифровых образовательных ресурсов;
- объединение проектной и исследовательской деятельности.

Среди этих направлений особое место занимает сотрудничество библиотеки и учителя-предметника. Это связано с тем, что библиотекарь эффективно отбирает и предлагает источники информации, а учитель-предметник организует эту информацию в соответствии с учебными целями.

В результате ученик стано-



ақпаратты қабылдаушы емес, оны іздеуші, саралаушы және қолданушы тұлғаға айналады.

Қызығушылықты ояту кезеңі

Сабақтың қызығушылықты ояту кезеңі кітапхана мен пән мұғалімінің бірлескен әрекеті негізінде ұйымдастырылды. Алдымен кітапханашы

вится не просто получателем готовой информации, а личностью, способной самостоятельно искать, анализировать и применять полученные знания.

Этап мотивации и пробуждения интереса

Этап пробуждения интереса на уроке был организован на основе совместной деятельности библиотеки и учителя-предметника. Вначале библиотекарь представил книжную выставку, посвящённую творчеству Бердибека Сокпакбаева, где были представлены книги писателя, изданные в разные годы, энциклопедические сведения о его жизни и творчестве, литературно-критические статьи, различные издания произведения и дополнительные информационные материалы. Данная выставка способствовала повышению познавательного интереса участников к произведению и позволила глубже познакомиться с литературным наследием автора.

На следующем этапе был показан буктрейлер, подготовленный по сюжету произведения. Буктрейлер был направлен не на полное изложение содержания художественного произведения, а на пробуждение интереса участников через эмоциональную передачу его основной идеи и атмосферы. Краткий видеоматериал способствовал эмоциональному восприятию художественного текста, формированию

Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылығына арналған кітап көрмесін ұсынып, онда жазушының әр жылдары жарық көрген кітаптары, өмірі мен шығармашылығы туралы энциклопедиялық деректер, әдеби-сын мақалалары, шығарманың түрлі басылымдары мен қосымша ақпараттық материалдар таныстырылды. Бұл көрме қатысушылардың шығармаға деген танымдық қызығушылығын арттырып, автордың әдеби мұрасымен тереңірек танысуына мүмкіндік берді.

Келесі кезеңде шығарма желісі бойынша дайындалған буктрейлер көрсетілді. Буктрейлер көркем туындының мазмұнын толық баяндауды емес, негізгі идеясы мен атмосферасын әсерлі түрде жеткізу арқылы қатысушылардың қызығушылығын оятуды көздеді. Қысқа бейнематериал көркем мәтінге эмоционалдық тұрғыдан жақындауға, оқырмандық ынтаны қалыптастыруға және алдағы тапсырмаларға мотивация беруге ықпал етті. Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде көрнекілік пен эмоционалдық қабылдаудың ақпаратты есте сақтауды күшейтетіні дәлелденген. Осы тұрғыдан алғанда, кітап көрмесі мен буктрейлерді сабақтың бастапқы кезеңінде қолдану білім алушылардың оқу әрекетіне белсенді араласуына және әдеби шығарманы қабылдауына қолайлы жағдай жасады.

читательской мотивации и созданию интереса к выполнению последующих заданий. Психолого-педагогические исследования доказывают, что наглядность и эмоциональное восприятие усиливают запоминание информации. С этой точки зрения использование книжной выставки и буктрейлера на начальном этапе урока создало благоприятные условия для активного включения обучающихся в учебную деятельность и восприятия литературного произведения.

Эффективность использования платформы Wordwall

После этапа пробуждения интереса с помощью платформы Wordwall были выполнены интерактивные задания.

На данном этапе учащиеся:

- вспомнили содержание произведения;
- различили персонажей;
- определили последовательность событий;
- получили оперативную обратную связь.

Использование цифровых платформ значительно повысило активность учащихся.

Групповая и парная работа

В основной части урока с целью глубокого освоения произведения участниками были организованы групповые и парные работы. Группа «Ойлы оқырман» («Мыслящий читатель») дала характеристику персонажам, проанализировала их поведение и поступки.

Wordwall платформасын қолданудың тиімділігі

Қызығушылықты арттыру кезеңінен кейін Wordwall платформасы арқылы интерактивті тапсырмалар орындалды.

Бұл кезеңде оқушылар:

- шығарманың мазмұнын еске түсірді;
- кейіпкерлерді ажыратты;
- оқиғалардың ретін анықтады;
- жедел кері байланыс алды.

Цифрлық платформаларды қолдану оқушылардың белсенділігін едәуір арттырды.



В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО БИБЛИОТЕКИ И УЧИТЕЛЯ-ПРЕДМЕТНИКА ЯВЛЯЕТСЯ ОДНИМ ИЗ ЭФФЕКТИВНЫХ МЕХАНИЗМОВ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ

Группа «Шығарма шеберлері» («Мастера произведения») с помощью метода «Гексагон» определила основную идею произведения, взаимосвязь между персонажами и причинно-следственные связи. А группа «Кітап керуені» («Книжный караван») с помощью метода «Дубляж» озвучила отрывок произведения, стараясь передать эмоции героев.

В парной работе был использован метод «Комикс», в рамках которого участники с помощью рисунков пересказывали сюжетную линию и составляли диалоги персонажей. Данные задания позволили всесторонне анализировать произведение, развивать творческие и критические навыки мышления, а также формировать культуру совместной работы.

Взаимодействие библиотекаря и учителя-предметника

В ходе интегрированного урока деятельность библиотекаря не ограничивалась только организацией книжной выставки, а была направлена на обеспечение образовательного процесса информационными и творческими ресурсами. Библиотекарь осуществил подбор необходимых литературных источников, представил цифровые материалы, подготовил буктрейлер и организовал работу с дополнительными источниками информации. В результате библиотека стала важной образовательной средой, дополняющей содержание урока.



Топтық және жұптық жұмыстар

Сабақтың негізгі бөлімінде қатысушылардың шығармаңы терең меңгеруі мақсатында топтық және жұптық жұмыстар ұйымдастырылды. «Ойлы оқырман» тобы кейіпкерлерге мінездеме беріп, олардың мінез-құлқы мен іс-әрекетін талдады. «Шығарма шеберлері» тобы «Гексагон» әдісі арқылы шығармадағы негізгі идеяны, кейіпкерлер арасындағы байланысты және себеп-салдарлық қатынастарды анықтады. Ал «Кітап керуені» тобы «Дубляж» әдісімен шығарма үзіндісін дыбыстап, кейіпкерлердің эмоциясын жеткізуге тырысты.

Жұптық жұмыста «Комикс» әдісі қолданылып, қатысушылар суреттер арқылы оқиға желісін

Учитель-предметник определил учебные цели, дифференцировал задания, применил эффективные методы и приёмы, организовал процесс оценивания и рефлексии. Совместная работа библиотекаря и учителя обогатила содержание урока и повысила активность обучающихся.

В ходе урока формативное оценивание осуществлялось посредством дескрипторов, самооценки, взаимооценки и рефлексии. Эти подходы позволили оценить достижения участников и проанализировать результаты обучения.

В результате интегрированного урока повысился интерес учащихся к литературному произведению, сформировалась культура чтения, развились

баяндап, кейіпкерлердің диалогтарын құрастырды. Бұл тапсырмалар шығарманы жан-жақты талдауға, шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамытуға, сондай-ақ бірлескен жұмыс мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Кітапханашы мен пән мұғалімінің өзара ықпалдастығы

Интеграцияланған сабақ барысында кітапханашының қызметі кітап көрмесін ұйымдастырумен ғана шектелмей, оқу үдерісін ақпараттық және шығармашылық ресурстармен қамтамасыз етуге бағытталды. Ол қажетті әдебиеттерді іріктеп, цифрлық материалдар ұсынды, буктрейлер дайындап, қосымша дерек-көздермен жұмыс ұйымдастырды. Нәтижесінде кітапхана сабақтың мазмұнын толықтыратын маңызды білім беру ортасына айналды.

Пән мұғалімі оқу мақсаттарын анықтап, тапсырмаларды саралап, тиімді әдіс-тәсілдерді қолданды, бағалау мен рефлексия үдерісін ұйымдастырды. Кітапханашы мен мұғалімнің бірлескен жұмысы сабақтың мазмұнын байытып, білім алушылардың белсенділігін арттырды.

Сабақ барысында қалыптастырушы бағалау дескрипторлар, өзін-өзі бағалау, өзара бағалау және рефлексия арқылы жүзеге асырылды. Бұл тәсілдер қатысушылардың жетістіктерін бағалауға және



ҚАЗІРГІ МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНДА КІТАПХАНА МЕН ПӘН МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ СЕРІКТЕСТІГІ – БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ТЕТІКТЕРІНІҢ БІРІ.

оқу нәтижесін саралауға мүмкіндік берді.

Интеграцияланған сабақ нәтижесінде оқушылардың әдеби шығармаға қызығушылығы артып, кітап оқу мәдениеті қалыптасты, шығармашылық және сыни ойлау дағдылары дамыды. Сонымен қатар кітапхана мен мұғалім арасындағы кәсіби байланыс нығайып, көркем шығарманы тек мазмұндық тұрғыдан емес, оның тәрбиелік және әлеуметтік мәні арқылы түсіну мүмкіндігі кеңейді.


Қазіргі мектеп жағдайында кітапхана мен пән мұғалімінің кәсіби серіктестігі – білім сапасын арттырудың тиімді тетіктерінің бірі. Мұндай интеграция оқушылардың тек оқу жетістіктеріне ғана емес, олардың зерттеушілік мәдениетінің, шығармашылық қабілетінің, ақпараттық сауаттылығының және функционалдық құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал етеді.

Сондықтан мектеп тәжірибесінде мұндай сабақтарды жүйелі ұйымдастыру, кітапханашылардың педагогикалық процестегі белсенді рөлін күшейту және цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану – қазіргі білім берудің басым бағыттарының бірі болып қала береді. ■

творческие и критические навыки мышления. Кроме того, укрепилась профессиональная связь между библиотекой и учителем, расширились возможности понимания художественного произведения не только с точки зрения содержания, но и через его воспитательное и социальное значение.

В условиях современной школы профессиональное сотрудничество библиотеки и учителя-предметника является одним из эффективных механизмов повышения качества образования. Такая интеграция способствует не только учебным достижениям учащихся, но и формированию их исследовательской культуры, творческих способностей, информационной грамотности и функциональной компетентности.

Поэтому системная организация подобных уроков в школьной практике, усиление активной роли библиотекарей в педагогическом процессе и эффективное использование цифровых образовательных ресурсов остаются одними из приоритетных направлений современного образования. ■



7–8 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ

ПРОФИЛАКТИКА БУЛЛИНГА
СРЕДИ УЧЕНИКОВ 7–8 КЛАССОВ



Г. И. Ногербек,
тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасары,
педагог-зерттеуші,
№30 мектеп-гимназиясы
Д. Қ. Егеубаева,
тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасары,
педагог-зерттеуші,
№13 жалпы білім беретін мектеп,
Астана қ.

Г. И. Ногербек,
заместитель директора
по воспитательной работе,
педагог исследователь,
школа-гимназия №30,
Д. К. Егеубаева,
заместитель директора
по воспитательной работе,
педагог-исследователь,
общеобразовательная
школа №13,
г. Астана

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы мен білім беру ұйымдарындағы білім алушылар арасындағы қорлаудың (буллингтің) алдын алуға арналған «ДосболLIKE» бағдарламасы адалдық, толеранттылық, заңға құрмет, жеке тұлғаны сыйлау құндылықта-

Единая программа воспитания «Адал азамат» и программа профилактики травли (буллинга) обучающихся в организациях образования «ДосболLIKE» ориентированы на формирование ценностей честности, толерантности, законопослушности, уважительного отноше-

рын қалыптастыруға және мектеп ортасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған.

Буллинг – жәбірленушіні қорлауға, қорқытуға немесе оқшаулауға бағытталған жүйелі агрессивті мінез-құлық. Мұндай әрекеттер жасөспірімдердің эмоционалдық және психологиялық жағдайына елеулі зиян келтіруі мүмкін.

Жасөспірімдік кезеңдегі даму ерекшеліктерін, яғни пубертаттық кезеңнің (12–14 жас) басталуына байланысты жас дағдарысын ескере отырып, мектеп оқушылары бет-пе-бет қарым-қатынас кезінде де, цифрлық ортада да (кибер-

ния к личности и профилактику насилия в школьной среде.

Буллинг – это систематическое агрессивное поведение, направленное на унижение, запугивание или изоляцию жертвы, которое может иметь серьезные эмоциональные и психологические последствия для подростков.

С учетом возрастного кризиса, связанного с наступлением пубертатного периода (12–14 лет), школьники особенно уязвимы к травле как при личном общении, так и в цифровой среде (кибербуллинг).

Создание безопасной, уважительной, доброжелательной и поддерживающей



буллинг) буллингке ерекше бейім келеді.

Қауіпсіз, құрметке негізделген, ізгі әрі қолдаушы білім беру ортасын қалыптастыру – Қазақстан Республикасындағы тәрбие бағдарламаларының, соның ішінде «Адал азамат» және «ДосболLIKE» бағдарламаларының негізгі басымдығы. Бұл бағдарламалар адалдық, адам құқықтарын құрметтеу, жауапкершілік, әділдік сияқты әлеуметтік маңызы бар құндылықтарды қалыптастыру мен дамытуға бағытталған және мектеп ортасындағы буллингтің алдын алудың маңызды негізі болып саналады.

Нормативтік-құқықтық және құндылықтық негізі. Қазақстан мектептерінде буллингтің алдын алу келесі нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- тәрбие бағдарламалары («Адал азамат» және «ДосболLIKE»);
- балалардың құқықтарын қорғауға, олардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық стратегиялар;
- білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысының жоспары.

«Адал азамат» бағдарламасы оқушылардың бойында азаматтық пен патриотизмді, заңға құрметті, әділдік сезімін, өз сөзіне, іс-әрекетіне және мінез-құлқына жауапкершілікті қалыптастыруға баса назар аударады.

образовательной среды является приоритетом воспитательных программ Республики Казахстан, в частности «Адал азамат» и «ДосболLIKE». Эти программы направлены на формирование и развитие социально значимых ценностей (честности, уважения к правам человека, ответственности, справедливости и др.) и выступают основой профилактики буллинга в школьной среде.

Нормативно-правовая и ценностная основа. Профилактика буллинга в казахстанских школах осуществляется на основе:

- Закона РК «Об образовании»;
- государственных программ воспитания («Адал азамат» и «ДосболLIKE»);
- национальных стратегий по защите прав детей и обеспечению их безопасности и благополучия;
- плана воспитательной работы организаций образования.

Программа «Адал азамат» акцентирует внимание на формировании у школьников гражданственности и патриотизма, уважения к закону, чувства справедливости, ответственности за свои слова, действия и поступки.

Программа «ДосболLIKE» ориентирована на создание системы профилактики и эффективного противодействия травле (буллингу) в организации образования. Это система действий, которую

«ДосболLIKE» бағдарламасы білім беру ұйымдарында қорлаудың (буллингтің) алдын алу және оған тиімді қарсы іс-қимыл жасау жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Бұл – білім алушылар арасындағы буллингтің алдын алу және оған қарсы іс-қимылды ұйымдастыруға арналған білім беру ұйымының кешенді стратегиясы болып табылатын жүйелі іс-шаралар жиынтығы.

Бағдарламаның негізгі мақсаттары:

- білім алушылар арасындағы агрессивті және өшпенді мінез-құлық көріністерін азайту;
- тұлғааралық және топаралық қарым-қатынастарды оңтайландыру;
- білім алушылардың жанжал жағдайында сындарлы әрекет ету дағдыларын қалыптастыру;
- әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды (өзін және өзгелерді құрметтеу, мейірімділік, толеранттылық, эмпатия және т.б.) дамыту.

Жасөспірімдік кезеңнің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.

7–8-сынып оқушылары өтпелі жас кезеңінде болады. Бұл кезеңде сыни ойлау қабілеті дамып, тұлғааралық қарым-қатынастар мен коммуникативтік байланыстар нығаяды, құрдастарының ықпалы күшейеді. Мұндай ерекшеліктер жанжалдардың туындау қаупін арттырып, олардың буллингке ұласуына себеп болуы мүмкін.

можно определить, как стратегию образовательной организации по профилактике и противодействию травле (буллингу) в среде обучающихся.

Программа направлена на:

- снижение агрессивных и враждебных реакций в среде обучающихся;
- оптимизацию межличностных и межгрупповых отношений;
- формирование у обучающихся навыков конструктивного реагирования в конфликте;
- развитие социально-эмоциональных навыков (уважение к себе и окружающим, доброжелательность, толерантность, эмпатия и др.).

Психолого-педагогические особенности подросткового возраста.

Школьники 7–8 классов находятся в переходном возрасте: развивается критическое мышление, устанавливаются межличностные отношения, коммуникативные связи, усиливается влияние сверстников. Это повышает риск возникновения конфликтных ситуаций и их перехода в травлю.

Эффективная профилактика буллинга в этом возрасте включает:

- формирование навыков эмпатии и саморегуляции;
- развитие позитивной социальной идентичности;
- обучение стратегиям ненасильственного разрешения конфликтов.

Осы жаста буллингтің тиімді алдын алу мынадай бағыттарды қамтиды:

эмпатия мен өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру;

жағымды әлеуметтік бірегейлікті дамыту;

жанжалдарды зорлық-зомбылықсыз шешу стратегияларына үйрету.

Профилактикалық жұмыстың негізгі бағыттары

1. Ағартушылық жұмыс және құқықтық сауаттылықты арттыру:

- буллинг және оның салдары туралы сабақтар мен түсіндіру әңгімелерін өткізу;
- білім алушылардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;
- эмоциялық интеллектіні дамытуға арналған тақырыптық сынып сағаттары мен тренингтер ұйымдастыру.

Бұл жұмыстар оқушылардың құқықтық санасы мен адамгершілік ұстанымын қалыптастыруға және нығайтуға ықпал етеді.

2. «Адал азамат» және «ДосболLIKE» бағдарламаларының құндылықтарын енгізу:

- адалдық, құрмет, мейірімділік, жауапкершілік сияқты құндылықтарды күнделікті мектеп тәжірибесіне кіріктіру;

жанжалсыз қарым-қатынас мәдениетін қолдау;

мектеп жобалары мен бастамалары арқылы жағымды мінез-құлық үлгілерін қалыптастыру.

3. Мектеп психологі мен әлеуметтік педагогтің рөлі.

Основные направления профилактической работы

1. Образовательная работа и правовое просвещение:

- проведение уроков и бесед о буллинге и его последствиях;
- разъяснение прав и обязанностей учеников;
- тематические классные часы, тренинги по эмоциональному интеллекту.

Это способствует формированию и укреплению правовой и нравственной позиции учащихся.

2. Внедрение ценностей программ «Адал азамат» и «ДосболLIKE»:



ПРОГРАММА «АДАЛ АЗАМАТ» АКЦЕНТИРУЕТ ВНИМАНИЕ НА ФОРМИРОВАНИИ У ШКОЛЬНИКОВ ГРАЖДАНСТВЕННОСТИ И ПАТРИОТИЗМА, УВАЖЕНИЯ К ЗАКОНУ, ЧУВСТВА СПРАВЕДЛИВОСТИ, ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА СВОИ СЛОВА, ДЕЙСТВИЯ И ПОСТУПКИ

Мектептің психологиялық қызметі білім беру ортасындағы эмоционалдық ахуалды талдайды, өзара әрекеттесуге диагностика жүргізеді, сондай-ақ білім алушыларға жеке және топтық психологиялық кеңес береді.

4. Ата-аналармен жұмыс. Ата-аналардың буллинг белгілерін дер кезінде тану және балаға тиімді қолдау көрсету мәселелері бойынша құзыреттілігін арттыруға бағытталған жұмыс-тар жүргізіледі.

5. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл. Профилактикалық жұмыстар төмендегі ұйымдардың қатысуымен үйлестіріледі:

- білім басқармасы;
- әлеуметтік қолдау қызметтері;
- полиция және прокуратура органдары;
- психологтер мен медиақауіпсіздік саласының мамандары.

Осындай мобильді топтар қала мектептерінде буллинг пен кибербуллингтің алдын алу мәселелерін қамтитын

- интеграция ценностей честности, уважения, доброжелательности, ответственности в ежедневную практику;
- поддержка бесконфликтных моделей поведения;
- создание позитивных примеров через школьные проекты и инициативы.

3. Роль школьного психолога и социального педагога. Психологическая служба школы анализирует эмоциональный климат, проводит диагностику группового взаимодействия, предоставляет индивидуальные и групповые консультации.

4. Работа с родителями по повышению их компетентно-

БУЛЛИНГ – ЖӘБІРЛЕНУШІНІ ҚОРЛАУҒА, ҚОРҚЫТУҒА НЕМЕСЕ ОҚШАУЛАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖҮЙЕЛІ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ.



профилактикалық әңгімелер, құқықтық түсіндіру және ақпараттық кездесулер өткізеді.

Астана қаласындағы №30 мектеп-гимназиясы мен №13 жалпы білім беретін мектеп базасында буллингтің алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыстардың мысалдары. Аталған білім беру ұйымдарының ресми сайттарында буллингтің алдын алу жұмыстары туралы толық есептер жарияланбағанымен, профилактикалық қызметтің негізгі бағыттарына сәйкес келетін бірқатар тиімді тәжірибелерді атап өтуге болады.

1. Ақпараттық-ағартушылық жұмыс. Ресми сайттарында ата-аналар мен мектеп қауымдастығына арналған тәрбиелік маңызы бар жадынамалар мен ақпараттық материалдар тұрақты түрде жаңартылып отырады. Олардың қатарында мектептегі қауіпсіздік, қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру және оқушылар арасындағы өзара сыйластықты нығайтуға бағытталған материалдар бар. Бұл буллингтің алдын алудағы превентивтік тәсілдің көрінісі.

2. Сыныптан тыс іс-шаралар және құндылықтарды кіріктіру. Оқушылардың үйірмелерге, спорттық секцияларға, шығармашылық және тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысуы олардың мектеп ұжымына деген тиістілік сезімін нығайтып, бір-біріне құрметпен қарау мәдениетін қалыптастырады. Мұндай жұмыстар буллингтің сти в вопросах распознавания признаков буллинга и поддержки ребенка.

5. Межведомственное взаи-модействие. Скоординированные мероприятия с участием:

- Управления образования;
- служб социальной поддержки;
- органов полиции и прокуратуры;
- психологов и специалистов по медиабезопасности.

Такие мобильные группы проводят профилактические беседы, правовые и информационные сессии в школах города, включая темы буллинга и кибербуллинга.

Примеры работы по профилактике буллинга на базе школы-гимназии №30 и общеобразовательной школы №13 г. Астаны. Хотя на официальных сайтах данных организаций образования отсутствуют подробные отчеты конкретно о профилактике буллинга, можно выделить несколько ключевых примеров практик, соответствующих профилактической работе.

1. Информационно-просветительская деятельность. Регулярно обновляются разделы с памятками родителям и школьным сообществам о значимых воспитательных аспектах, включая информационные материалы о школьной безопасности, что отражает превентивный подход к вопросам взаимоотношений подростков.

2. Внеурочные мероприятия и интеграция ценностей.

алдын алудың тиімді құралдарының бірі саналады.

3. Ата-аналармен өзара ынтымақтастық. Сайттарында ата-аналар мен заңды өкілдерге арналған ақпараттық жадынамалардың орналастырылуы олардың тәрбие үдерісіне белсенді қатысуына және буллингтің алдын алу шараларын қолдауына ықпал етеді.

Біздің мектептер қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған қалалық және республикалық бастамалардың белсенді қатысушылары.

7–8-сынып оқушылары арасындағы буллингтің алдын алу жұмыстары кешенді, жүйелі және құндылықтарға негізделген тәсілмен жүзеге асырылуы тиіс. «Адал азамат» және «ДосболLIKE» бағдарламалары жеке тұлғаны құрметтеу мәдениетін, құқықтық сананы және мектептегі жағымды психологиялық ахуалды қалыптастырудың берік негізін қалайды.

Білім беру, психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық және ведомствоаралық іс-шараларды үйлестіре жүзеге асыру буллингтің алдын алу жұмыстарының тиімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Мектеп әкімшілігінің, педагогтердің, психологтердің, ата-аналардың және сыртқы қызметтердің бірлескен жұмысы жасөспірімдердің тұлғалық дамуына қолдау көрсетіп, олардың қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасында тәрбиеленуіне мүмкіндік береді. ■

Участие школьников в кружках, секциях, тематических активностях способствует укреплению чувства принадлежности к коллективу и уважения друг к другу. Это один из эффективных методов профилактики травли.

3. Взаимодействие с родителями. Сайты содержат памятки для родителей и законных представителей детей, что свидетельствует об их вовлечении в воспитательный процесс, включая поддержку профилактических мер.

Наши школы – активные участники городских и республиканских инициатив, направленных на создание безопасной образовательной среды.

Профилактика буллинга среди учеников 7–8 классов должна быть комплексной, системной и ценностно ориентированной. Программы воспитания «Адал азамат» и «ДосболLIKE» создают основу для формирования уважительного отношения к личности, правовой культуры и позитивного школьного климата.

Применение образовательных, психологических, социально-педагогических и межведомственных мер делает профилактику буллинга устойчивой и эффективной. Активное участие представителей школьной администрации, педагогов, психологов, родителей и внешних служб обеспечивает комплексную поддержку подросткам в период их взросления. ■

ПСИХОЛОГ КЕҢЕСІ **ПЕДАГОГТЕРГЕ**

СОВЕТЫ ПСИХОЛОГА **ПЕДАГОГАМ**



Жеке шекараны орнатуға арналған жаттығу.

Жеке шекара не үшін маңызды?

Жеке шекара адамдар арасындағы өзара әрекеттесуді реттеп, балаларға қауіпсіз қарым-қатынастың үлгісін көрсетеді.

Нақты белгіленген шекаралар педагогтің кәсіби беделін сақтауға және оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Буллинг пен ата-аналардың педагогке құрметсіздік танытуы сенімді қарым-қатынасты бұзып, сыныптағы психологиялық қауіпсіздікті төмендетеді әрі баланың жан-жақты дамуына кері әсерін тигізеді.

Упражнение для установления личных границ.

Почему границы важны?

- Границы упорядочивают взаимодействие и дают детям модель безопасного взаимодействия.
- Четкие границы позволяют педагогам сохранять авторитет и эффективно управлять процессом обучения.
- Буллинг и родительское неуважение разрушают доверие, снижают безопасность класса и вредят развитию ребенка.

Жеке шекара картасы

жаттығуы

Мақсаты:
педагогке оқушылармен және ата-аналармен қарым-қатынаста өзінің жеке және кәсіби шекарасын айқындауға, оны сенімді түрде қорғауға көмектесу.

Шекара – бұл өзіңді қорғау және басқаларға да құрмет көрсету!



Өзіңді құрметтеу – бұл кәсіби тұрақтылық пен тәбыс кепілі!

5 «Мен-хабарламасы»

Мен өз сезімімді, қажеттігімді және нақты өтінішімді білдіремін.

1. «Мен сабақ кестесіне қатысты сұрағыңызға қуана жауап беремін».
2. «Менің үшін сабақ үстінде басқа мәселелерді талқылаған қолайсыз, өтініш, қажет болса сабақтан кейін сөйлесейік».
3. «Мен өз жұмысыма құрметпен қарауды сұраймын, себебі бұл оқушылардың дамуына әсер етеді».
4. «Мен сіздің пікіріңізді түсінемін, бірақ мені айыптаған сөздер маған қолайсыз болады».
5. «Мен сізден сабырлылық пен сенім танытуыңызды сұраймын».

Рөлдік ойын

Әріптесіңізбен жұптасып, төмендегі жағдайларды талқылаңыз және рөлдік ойын арқылы жаттығыңыз:

- **Айыптайтын ата-ана** (ата-анамен диалог)
- **Тәртіп бұзатын оқушы** (сабақ үстіндегі мінез-құлық)
- **Келісілген талаптарды сақтамайтын әріптес** (командалық жұмыс, міндеттер)

Практика – сенімділік береді!

Эскалациялау тәртібі

Келесі кезекте кімге жүгіну керек:

1. **Директордың орынбасары** (алғашқы деңгей)
2. **Мектеп психологі** (қолдау, кеңес, медиация)
3. **Хаттама рәсімдеу** (ресми фиксация, құжаттандыру)

Сіздің шекараңыз – сіздің кәсіби құқығыңыз!

Карта личных границ для педагога

Моя цель:
сохранять профессиональные и личные границы, строить здоровые отношения с учениками и родителями, и оставаться в ресурсе.

Уважение к моим границам – это уважение к моей работе и к детям!



1 5 «Я-сообщений» для типичных ситуаций

1. «Когда вы говорите мне в повышенном тоне, я чувствую напряжение. Я готов(а) обсудить проблему спокойно и по существу».
2. «Когда вы не согласны с моей оценкой или подходом, я готов(а) выслушать ваше мнение и обсудить его в конструктивном формате».
3. «Когда ученик нарушает дисциплину, я хочу, чтобы вы поддержали меня в соблюдении правил».
4. «Когда вы обращаетесь ко мне с вопросами по расписанию, я всегда готов(а) помочь в рамках своего рабочего времени».
5. «Когда вы просите меня выполнить дополнительные задачи вне договоренностей, я не могу это сделать, так как это нарушает мои профессиональные границы».

Я говорю о своих чувствах, потребностях и границах.

2 Ролевые игры с коллегой

Примерные ситуации:



Родитель, который обвиняет
«Вы плохо работаете! Мой ребенок ничего не понимает из-за вас!»



Ученик, который нарушает
«Мне это не нужно! Я не буду это делать!»



Коллега, который не соблюдает договоренности
«Давай ты еще раз поменяешь расписание, это же несложно!»

Спокойствие, уверенность, четкость.

4 Процедура эскалации

К кому обращаться дальше:

1. **Заместитель директора**
(если ситуация не решается на уровне учителя)
2. **Школьный психолог**
(если требуется психологическая поддержка, конфликт, стресс)
3. **Протокол / документирование**
(если есть угроза, нарушение правил, повторные случаи)

Я имею право на поддержку и защиту!

Мои границы – моя сила!

«Мен-хабарламалары» педагогикалық тәжірибеде

Мақсаты:
Оқушылар мен ата-аналарға қатысты кәсіби шекараңызды анықтауға, оларды сенімді қорғауға және сыйластықты нығайтуға көмектесу.

«Оқушылар мен ата-аналарға қатысты кәсіби шекауға сыйлшазы нығайтуға көмектесу.»



Мысалдары: использования

- «Дәлізде дауысыңызды көтерген кезде, мен өзімді жайсыз сезінемін. Маған мәселені сабырлы жағдайда талқылағанымыз маңызды – кездесу уақытын белгілейік.»
- «Мен бұл мәселені сабақ аяқталғаннан кейін кездесуде талқылауға дайынмын. Қазір мен үшін барлық балаларға арналған сабақты аяқтау маңызды.»
- «Мен сіздің алаңдаушылығыңызды түсінемін. Ақпаратты жинақтап, жан-жақты жауап дайындауым үшін маған, өтінемін, 24 сағат уақыт беріңіз.»

«Мен-хабарламалары» тәжірибесі – өзара сыйластық пен кәсібиліктің кепілі!

«Я-сообщения» в педагогической практике

Мақсаты:
педагогке оқушылармен және ата-аналармен қарым-қатынаста өзінің жеке және кәсіби позициясын айқындауға, оны сенімді түрде қорғауға көмектесу.

Примеры используются. Қорғау және басқаларға да құрмет көрсету!



Примеры использования

- «Когда вы повышаете голос в коридоре, я чувствую себя некомфортно, мне нужно, чтобы мы решали вопросы спокойно – давайте назначим встречу».
- «Я готов(а) обсудить это на встрече после уроков. Сейчас мне важно завершить занятие для всех детей».
- «Я слышу ваше беспокойство. Дайте, пожалуйста, 24 часа, чтобы собрать информацию и подготовить ответ».







Практика Я-сообщений – залог уважения и профессионализма!


АТА-АНА ТАРАПЫНАН БОЛАТЫН БУЛЛИНГ ПЕН ҚҰРМЕТТІҢ БОЛМАУЫНА ҚАЛАЙ ЖАУАП БЕРУ КЕРЕК?



1) Оқиғаны тіркеңіз (жазба, куәгер). Әңгімелесуді мектеп әкімшілігінің қатысуымен ресми кездесу форматында жалғастыруды ұсыныңыз.



2) Сабырлы әрі бейтарап сөйлеу мәнерін сақтаңыз, «Мен-хабарламаларын» қолданыңыз, жанжалды белгіленген тәртіпке ауыстырыңыз (алдын ала жазылу арқылы кездесу, хаттама рәсімдеу).



3) Қайталанатын жағдайларда мектеп психологі мен әкімшіліктің қолдауына жүгініңіз.



4) Мұндай әрекеттердің балаға тигізетін салдарын түсіндіріңіз: ата-ана мұғалімді көпшілік алдында айыптаған кезде, бала өзін қауіпсіз сезінуден қалады және агрессивті мінез-құлықты қалыпты жағдай ретінде қабылдауы немесе қолдауы мүмкін.

БУЛЛИНГКЕ НЕГЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕУІ КЕРЕК?

- Ол әр адамның қауіпсіздікке деген негізгі құқығын бұзады.
- Оқу үлгерімінің төмендеуіне, күйзеліске және денсаулыққа қатысты мәселелердің туындауына әкеледі.
- Мектептің басты ұстанымы – өзара құрметке негізделген қоғам қалыптастыру. Буллингке төзімділік таныту осы миссияны әлсіретеді.




КАК РЕАГИРОВАТЬ НА БУЛЛИНГ И НЕУВАЖЕНИЕ СО СТОРОНЫ СО СТОРОНЫ РОДИТЕЛЕЙ



1) Фиксируйте факт (запись, свидетель).
Предложите встречу с администрацией.



2) Сохраняйте нейтральный тон, используйте «я-сообщения», переводите в процедуру (протокол).



3) Вовлекайте школьного психолога и администрацию при повторных нарушениях.



4) Объясняйте последствия для ребенка: потеря защищенности и поддержка агрессии.

ПОЧЕМУ БУЛЛИНГ НЕДОПУСТИМ

- § Он нарушает фундаментальное право человека на безопасность.
- § Приводит к снижению успеваемости, депрессии, проблемам со здоровьем.
- § Моральная позиция школы: терпимость подрывает миссию формирования уважительного общества.





«БАЙЛЫҒЫМЫЗ – ҚЫЗДАРЫМЫЗ»: ЖЕТІ ҚЫЗ ТӘРБИЕЛЕП ОТЫРҒАН ОТБАСЫНЫҢ СЫРЫ



«НАШЕ БОГАТСТВО – НАШИ ДОЧЕРИ»: СЕКРЕТ СЕМЬИ, ВОСПИТЫВАЮЩЕЙ СЕМЕРЫХ ДОЧЕРЕЙ

Көз алдыңызға елестетіп көріңізші, үйдегі толассыз шат-шадыман күлкі, әр бұрыштан естілетін сыңғырлаған дауыстар, сырласу, кейде кішігірім өкпе-реніштер және шексіз мейірім... Бұл – жеті қыз өсіріп отырған Қалымбет әулетінің күнделікті тіршілігі. Қоғамда көпбалалы отбасыларға, оның ішінде қыз өсіріп отырған жандарға қатысты стереотиптер аз емес. Алайда, біздің бүгінгі кейіпкерлеріміз бала тәрбиесіне мүлде жаңаша, саналы көзқараспен қарайды. Олар үшін жеті қыз – жеті түрлі әлем, жеті түрлі арман және өмірдің берген ең үлкен сыйы.

Көпшілік бұл отбасыны көргенде таңданысын жасыра алмай, «Қиын емес пе?» деген сұрақты жиі қоятын көрінеді. Анасы Тәжімбетова Әйгерім

Представьте себе дом, наполненный непрекращающимся радостным смехом, звонкими голосами, доносящимися из каждого уголка, душевными разговорами, порой небольшими обидами и безграничной любовью... Такова повседневная жизнь семьи Калымбет, воспитывающей семерых дочерей. В обществе до сих пор существует немало стереотипов о многодетных семьях, в том числе о тех, кто воспитывает дочерей. Однако герои нашей сегодняшней истории придерживаются совершенно нового, осознанного взгляда на воспитание детей. Для них семь дочерей – это семь разных миров, семь разных мечтаний и самый большой подарок, который преподнесла жизнь.

қиындықтар болатынын жасырмайды дегенмен «қыздарымыздың бір сәттік еркелігі бүкіл шаршауды жуып-шайып кетеді» дейді.

«Әрине, оңай емес. Әр қызымыз дүниеге келген сайын жүрегіміздегі махаббатпен қоса, мойнымыздағы жауапкершілік те арта түсті. Бірақ олардың бір ғана күлкісі, жүгіріп келіп құшақтап, «папа», «мама» деп еркелегені, түн ұйқыңды төрт бөлген сәттері бүкіл шаршауды бір сәтте ұмыттырады. Біз үшін байлық – дүние емес, балаларымыздың амандығы мен көздеріндегі бақыт ұшқыны», - дейді анасы.

Отбасының отағасы Қарауылбаев Нұрдаулет әр бала өмірге өз несібесімен, өз

Увидев эту семью, многие не скрывают своего удивления и часто спрашивают: «Не тяжело ли?» Мама, Айгерим Тажимбетова, не скрывает, что трудности бывают. Однако, по ее словам, «одно мгновение детской непосредственности дочерей смывает всю усталость».

«Конечно, это нелегко. С рождением каждой нашей дочери вместе с любовью в наших сердцах росла и ответственность, которую мы несем. Но достаточно одной их улыбки, когда они подбегают, обнимают нас и ласково говорят: «папа», «мама», – и вся усталость мгновенно исчезает. Для нас настоящее богатство – не материальные ценности, а здо-



ырысымен келеді деген сенімді ұстанады. Әр қыздың есімі де кездейсоқ таңдалмаған, әрқайсысының астарында үлкен ниет пен терең мағына жатыр. Кәусар, Жанерке, Жасмин, Гауһар, Балауса, Аруна және Әдемі есімді аяулы қыздардың дүниеге келуі шаңырақтың іргесін бекітіп, берекесін арттыра түскендей.

Көпбалалы отбасылардағы басты қиындық – әр балаға жеке көңіл бөлу. Бұл шаңырақта да жеті қыздың мінезі жеті түрлі. Бірі өте сезімтал, бірі ерке, бірі жасына жетпей байсалды болса, келесісі кез келген ортаны қыздырып жіберетін ашық-жарқын. Анасы әрқайсысына бірдей қарағанымен, олардың жүрегіне барар жолдың әртүрлі екенін жақсы түсінеді.

«Біз балаларымызды тыңдауға тырысамыз. Егер бала өз сөзінің, өз пікірінің маңызды екенін сезінсе, ол ата-анасынан ешқашан сырын жасырмайды. Біз үшін жақсы ата-ана болу – тек тамағын тоқ, киімін бүтін ету немесе қатал тәртіпке бағындыру емес, баланың ең жақын, сырлас досы бола білу», – дейді анасы Әйгерім.

Бұл үйдегі ең маңызды сәттердің бірі – отбасылық кешкі ас. Ас үйден үнемі ыстық бауырсақтың, қыздардың сүйіп жейтін палау, мәнті, бешбармақ пен самсаның иісі аңқиды. Ал демалыс пен мереке күндері асүй тізгінін отағасының өзі қолға алады. Бұл сәттер әлеуметтік желі оқырмандарының да ерекше ықыласына бөленген.



ровье наших детей и искорки счастья в их глазах», – говорит мама.

Глава семьи, Нурдаулет Карауылбаев, убежден, что каждый ребенок приходит в этот мир со своим уделом и благословением. Имя каждой дочери также было выбрано не случайно – за каждым из них стоит особое пожелание и глубокий смысл. Появление на свет Каусар, Жанерке, Жасмин, Гауһар, Балаусы, Аруны и Адеми словно еще больше укрепило семейный очаг и приумножило его благополучие.

Главная сложность в многодетной семье – уделить внимание каждому ребенку. И в этой семье все семеро дочерей совершенно разные по характеру. Одна очень чувствительная, другая – озорная, третья не по годам рассудительная, а следующая своей открытостью и жизнерадостностью оживляет любую компанию. Мама отно-



ДАСТАРХАН – БІЗДІҢ ОТБАСЫМЫЗДЫ ЖАҚЫНДАСТЫРАТЫН ЕРЕКШЕ ОРЫН. ӘРКІМНІҢ КҮНІ ҚАЛАЙ ӨТКЕНІН СҰРАЙМЫЗ.

сится ко всем одинаково, но прекрасно понимает, что путь к сердцу каждой из них – свой.

«Мы стараемся слушать наших детей. Если ребенок чувствует, что его слова и мнение важны, он никогда не будет скрывать от родителей свои переживания. Для нас быть хорошими родителями – это не только накормить ребенка, одеть его и приучить к строгой дисциплине, но и стать для него самым близким человеком, другом, которому можно

Дәл осы дастархан басы – отбасының бас қосып, бір-бірі-не жан дүниесін ашатын, психологиялық қауіпсіз орта-сы. Әркімнің күні қалай өткені талқыланып, қыздар мектеп-тегі, домбыра мен таеквондо үйірмелеріндегі қызықтарын бөліседі.

«Дастархан – біздің отбасы-мызды жақындастыратын ерек-ше орын. Сол жерде әркімнің күні қалай өткенін сұраймыз. Қыздарымыз мектептегі, дом-быра, сонымен бірге таеквонда үйірмелеріндегі қызықтарын, армандарын, кейде көңілін түсірген жағдайларын айтып береді. Біз бірге күлеміз, бір-ге ойланамыз. Осындай қара-пайым әңгімелер балалардың жүрегіне жол ашады деп ойлай-мыз», - деп жалғады анасы.

Қыздар тек қуаныштарын ғана емес, көңілдерін түсірген жағдайларды, кішігірім сәт-сіздіктерін де еркін айта ала-ды. Бірге күліп, бірге мұңаю, бірге шешім іздеу – бала жүре-гіне жол ашатын қарапайым да құдіретті тәсіл екенін біздің кейіпкерлеріміз өте жақсы түсі-неді.

«Қыз бала үндемеуі керек» деген стереотипті бұзғымыз келеді»

Бүгінгі таңда қоғамда ұрпақ тәрбиесіне, оның ішінде қыз баланың тәрбиесіне қатысты көзқарастар толассыз талқыға түсіп, қоғамның пікірі де өзгеріп жатыр. Осы тұста бұл отбасы да «Қыз бала үндемей отыруы керек» деген стереотиппен мүлде келіспейтіндерін айтады.

«Біздің ойымызша, қыз доверить любые секреты», – говорит Айгерим.

Одним из самых важных моментов в этой семье явля-ется совместный ужин. Из кух-ни всегда доносится аромат горячих баурсаков, любимых дочерьми плова, мантов, беш-бармака и самсы. А по выход-ным и праздникам готовку берет на себя глава семьи. Эти моменты особенно полюби-лись и подписчикам семьи в социальных сетях.

Именно за общим столом собирается вся семья, чтобы открыто поговорить друг с дру-гом и создать атмосферу пси-хологической безопасности. Каждый рассказывает, как про-шел его день, а дочери делят-ся интересными событиями из школы, а также с занятий по домбре и тхэквондо.

«Обеденный стол – это осо-бое место, которое объединя-ет нашу семью. Именно здесь мы спрашиваем друг друга, как прошел день. Наши доче-ри рассказывают о школьной жизни, занятиях по домбре и тхэквондо, делятся своими мечтами, а иногда и тем, что их огорчило. Мы вместе смеемся, вместе размышляем. Думаем, что именно такие простые раз-говоры помогают найти путь к сердцу ребенка», – продолжает Айгерим.

Дочери свободно рассказы-вают не только о своих радостях, но и о том, что их расстроило, о небольших неудачах. Вместе радоваться, вместе грустить и вместе искать решения – про-стой, но очень важный способ



бала әрі білімді, әрі тәрбиелі, сонымен қатар өз ойын ашық айта алатын жеке тұлға болуы керек. Қыздарымыздың өз пікірін мәдениетті түрде жеткізе алатын, мақсат-арманына батыл ұмтылатын, бірақ ұлттық тәрбиені де бойына сіңірген азамат болғанын қалаймыз», - дейді анасы.

Олар өмірлік сабақтарды тек кітаптан емес, шынайы өмірден үйретеді. Жақсы жаңалық болсын, өкінішті оқиға болсын – үйде бәрі талқыланады. «Сен осындай жағдайда не істер едің?» деген сұрақ қою арқылы ата-ана баланың сыни ойлауын дамытып, дұрыс пен бұрысты өздігінен ажырата білуге машықтандырады.

Желідегі шекара және баланың жеке кеңістігін құрметтеу

Қазіргі цифрлық дәуірде балалардың виртуалды әлемдегі қауіпсіздігі – ең өзекті мәселелердің бірі. Осы тұста ата-анасы қыздарына әлеуметтік желіні дұрыс пайдалануды, өз қадірін бағалауды және

найти путь к детскому сердцу, и герои нашей истории это прекрасно понимают.

«Мы хотим разрушить стереотип, что девочка должна молчать»

Сегодня взгляды общества на воспитание подрастающего поколения, в том числе девочек, активно меняются и становятся предметом широкого обсуждения. В этой семье также не согласны со стереотипом о том, что «девочка должна молчать».

«Мы считаем, что девочка должна быть образованной, воспитанной и при этом уметь открыто выражать свое мнение. Мы хотим, чтобы наши дочери выросли личностями, которые умеют культурно отстаивать свою позицию, смело идут к своим целям и мечтам, но при этом сохраняют национальные ценности и уважение к своим традициям», – говорит мама.

Они учат жизненным урокам не только по книгам, но и на реальных примерах. Хорошая новость или печальное событие – дома обсуждается все . Задавая вопрос: «А как бы ты поступил(а) в такой ситуации?», родители развивают у детей критическое мышление и учат самостоятельно отличать правильное от неправильного.

Границы в интернете и уважение к личному пространству ребенка

В современную цифровую эпоху безопасность детей в виртуальном мире является одной из самых актуальных тем. Поэтому родители учат своих

желідегі пікірлерге немесе виртуалды қысымға (кибер-буллингке) бола өзін жоғалтып алмауды үйретеді. Ең басты қару – үйдегі сенім. Олар балада қандай жағдай болмасын, ол ата-анасына келіп, қорықпай айта алатынына сенімді болуы керек деген пікірде.

Сонымен қатар, ата-анасы баланың жеке өмірі мен шекарасын құрметтеудің тамаша үлгісін көрсетіп отыр.

«Әлеуметтік желіде бәрін көрсету міндет емес. Кейбір қасиетті, бақытты сәттер отбасының өзінде қалғаны дұрыс. Біз балалардың жеке өмірін құрметпен қарап, олардың рұқсатынсыз жеке дүниелерін жариялауға тырысамыз», - дейді анасы.

Уақыт судай сырғып өтуде. Тәй-тәй басқан қадамдар, улап-шулап ұйықтайтын кештер, жұмыстан келгенде бәрі жамырай жүгіріп келіп құшақтайтын кездер... Ата-ана осы бір қарапайым сәттердің өмірдегі ең қымбат, ең тәтті естеліктер екенін айтады.

«Біз үшін отбасы бақыты – дастархан басында бірге отыру, балалардың шат күлкісі және әр күнге шүкіршілік ету. Бақыт дегеніміз – үлкен дүниелер емес, ол – жақындарыңның амандығы. Ең бастысы, қыздарымызға жай ғана сәттердің өзі бақыт екенін көрсету және үйрету! Балаға ең керегі – ата-анасының махаббаты мен уақыты. Тіршілік қамымен жүріп, осы маңызды нәрсені ұмытып кетпейік. Баланы тыңдайық, құшақтайық, жақсы сөзді жиі

дочерей правильно пользоваться социальными сетями, уважать себя и не терять себя из-за чужих комментариев или виртуального давления (кибербуллинга). Самое главное оружие – доверие в семье. Они убеждены, что при любых обстоятельствах ребенок должен быть уверен: он всегда может прийти к родителям и без страха обо всем рассказать.

Кроме того, родители показывают прекрасный пример уважения к личной жизни и личным границам ребенка.

«Необязательно показывать в социальных сетях все . Некоторые сокровенные и счастливые моменты должны оставаться только в семье. Мы с уважением относимся к личной жизни детей и стараемся не публиковать ничего личного без их согласия», – говорит мама.

Время течет очень быстро. Первые неуверенные шаги, шумные вечера, когда все вместе засыпают, моменты, когда после работы дети с радостью бегут навстречу, чтобы обнять родителей... По словам родителей, именно эти простые мгновения становятся самыми дорогими и самыми теплыми воспоминаниями в жизни.

«Для нас семейное счастье – это вместе сидеть за одним столом, слышать звонкий смех детей и быть благодарными за каждый день. Счастье – это не что-то огромное и недосягаемое, а благополучие самых близких людей. Самое главное – показать нашим дочерям



айтайық. Себебі, олар өте тез өседі...».

Бұл отбасының өмір салты мінсіз ата-ана болу міндетті емес, ең бастысы – балаң үшін «ең жақын, сенімді адам» бола білу екенін үйретеді. Олар бала тәрбиесін «ауыр жүк» емес, «өмірдің сыйы» деп қабылдау арқылы отбасылық бақыттың жаңа формуласын жасап шыққан. Дастархан басындағы шынайы әңгіме, баланы тұлға ретінде мойындау, оның пікірімен санасу және қазіргі цифрлық заманда оның жеке шекарасын құрметтеу – міне, нағыз заманауи әрі ұлттық діңгегі берік тәрбиенің көрінісі осы.

Қорытындылай келе, жеті қыздың ата-анасы айтқандай: «Бақыт деген – қол жетпес үлкен дүниелер емес, ол – осындай жылы сәттердің жинағы...». ■

и научить их тому, что счастье состоит даже из самых простых мгновений. Больше всего ребенку нужны любовь и время его родителей. В суете повседневной жизни давайте не будем забывать об этом. Давайте слушать своих детей, чаще обнимать их и говорить им добрые слова. Ведь они так быстро растут...»

Образ жизни этой семьи учит тому, что необязательно быть идеальными родителями. Самое главное – стать для своего ребенка самым близким и надежным человеком. Они воспринимают воспитание детей не как «тяжелую ношу», а как «подарок жизни», тем самым создавая собственную формулу семейного счастья. Искренние разговоры за семейным столом, признание ребенка как личности, уважение к его мнению и соблюдение его личных границ в современном цифровом мире – именно так выглядит по-настоящему современное воспитание, основанное на прочных национальных ценностях.

Подводя итог, хочется вспомнить слова родителей семерых дочерей: «Счастье – это не что-то большое и недостижимое. Оно складывается из таких теплых мгновений...» ■

ВИДЕО REELS ОПУБЛИКОВАНО 16 СЕНТЯБРЬ 2026 Г.
АВТОР: INABAT_NEWS



МАХАББАТ БАР ЖЕРДЕ –

БАЛА ӨЗІН БАҚЫТТЫ СЕЗІНЕДІ

ТАМ, ГДЕ ЖИВЕТ ЛЮБОВЬ,

РЕБЕНОК ЧУВСТВУЕТ СЕБЯ СЧАСТЛИВЫМ



ВИДЕО REELS ОПУБЛИКОВАНО 16 СЕНТЯБРЬ 2026 Г.

АВТОР: INABAT_NEWS

Отбасы – баланың алғашқы әлемі. Сол әлемде айтылған әр жылы сөз, бірге өткізілген әр сәт, әр құшақтау оның болашақ өміріне әсер етеді. Бүгін біз әлеуметтік желіде отбасылық құндылықтарды насихаттап жүрген жас ата-анамен сұхбаттасып, тұңғыштары Ақжүректің дүниеге келуі өмірлерін қалай өзгерткені, бала тәрбиесіндегі ұстанымдары мен отбасылық құндылықтары туралы әңгімелестік.

Семья – это первый мир ребенка. Каждое доброе слово, сказанное в этом мире, каждое мгновение, проведенное вместе, каждое объятие влияют на его будущую жизнь. Сегодня мы побеседовали с молодыми родителями, которые продвигают семейные ценности в социальных сетях. Мы поговорили о том, как появление на свет их первенца Акжурек изменило их жизнь, об их принципах воспитания и семейных ценностях.

– Ақжүрек дүниеге келгеннен кейін өмірлеріңіз қалай өзгерді?

– Ақжүрек өмірге келген күннен бастап біздің әлеміміз мүлде өзгерді. Бұрынғы өміріміз де өз алдына әдемі болатын. Бірақ оның дүниеге келуімен әр күніміз жаңа мәнге ие болды. Үйімізге күлкі, жылулық, мейірім мен ерекше қуаныш келді. Оның бізге алғаш күлімсіреген сәті, тәй-тәй басып жасаған алғашқы қадамы әлі күнге дейін көз алдымызда. Сол кезде уақыт бір сәтке тоқтап қалғандай әсерде болдық. Ата-ана болудың қандай үлкен жауапкершілік әрі шексіз бақыт екенін дәл сол сәттерде терең сезіндік.

Отбасы мүшелерінің бос уақытты бірге өткізуі – бұл шаңырақтың ең ерекше дәстүрі. Демалыс күндері табиғат аясында серуендеп, шағын саяхаттарға шығып, бірге таңғы ас әзірлеп немесе кешкісін фильм көруді әдетке айналдырған. Олар балалық шақ дәл осындай қарапайым көрінетін, бірақ ең қымбат сәттерден құралады деп санайды.

«Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші, Ақжүрек те әке-шешесінің бойындағы ең асыл қасиеттерді өн бойына жинап өсуде. Анасының мейірімі мен сезімталдығын, әкесінің батылдығы мен жаңалыққа қызығушылығын қатар алған бүлдіршін камерадан да именбейді. Кейде түсірілім кезінде өзінің қызықты қылықтарымен бейнежазба-

– Как изменилась ваша жизнь после рождения Акжурек?

– С того дня, как родилась Акжурек, наш мир изменился до неузнаваемости. Наша прежняя жизнь тоже была по-своему прекрасна, но с ее появлением каждый наш день наполнился новым смыслом. В наш дом пришли смех, тепло, нежность и особая радость. Ее первая улыбка, ее первые неуверенные шаги до сих пор стоят у нас перед глазами. В те моменты казалось, что время замирает. Именно тогда мы глубоко осознали, какая это огромная ответственность и безграничное счастье – быть родителями.

Проводить свободное время вместе – это особая традиция их семьи. Они взяли за правило гулять на природе по выход-



«ҰЯДА НЕ КӨРСЕ, ҰШҚАНДА СОНЫ ІЛЕДІ» ДЕМЕКШІ, АҚЖҮРЕК ТЕ ӘКЕ-ШЕШЕСІНІҢ БОЙЫНДАҒЫ ЕҢ АСЫЛ ҚАСИЕТТЕРДІ ӨН БОЙЫНА ЖИНАП ӨСУДЕ.



ның көркін келтіріп, отбасының көңіл күйін көтеріп жібереді.

Дегенмен ата-анасы үшін ең маңыздысы – қыздарының жеке кеңістігі мен ішкі әлемін қорғау. Олар Ақжүректің көңіл күйі болмай тұрған, ауырған немесе тек өзіне ғана тиесілі болуы тиіс сәттерін ешқашан әлеуметтік желіге жарияламайды.

– «Біз үшін ең алдымен ол – контент емес, біздің қызымыз», – дейді олар.

Бала тәрбиесінде жас ата-ана еркелету мен тәртіптің арасындағы тепе-теңдікті сақтауға тырысады. Қыздары бір нәрсеге ренжісе, оның сезімін жоққа шығармай, алдымен тыңдайды. Ал қателік жасаған жағдайда ұрыспай, сабырмен сөйлесіп,

ным, выбираться в небольшие путешествия, вместе готовить завтрак или смотреть вечером фильмы. Они считают, что детство состоит именно из таких простых, но самых ценных моментов.

Как гласит пословица: «Что увидишь в гнезде, то и повторишь, когда полетишь», так и Акжурек впитывает в себя лучшие качества своих родителей. Малышка, унаследовавшая нежность и чуткость матери, а также смелость и любознательность отца, совсем не стесняется камеры. Иногда во время съемок она своими забавными проделками украшает видео и поднимает настроение всей семье.

Однако для родителей самое важное – защитить личное пространство и внутренний мир своей дочери. Они никогда не выкладывают в социальные сети те моменты, когда Акжурек расстроена, болеет или когда ей хочется побыть наедине с собой.

– «Для нас она прежде всего не контент, а наша дочь», – говорят они.

В воспитании ребенка молодые родители стараются соблюдать баланс между баловством и дисциплиной. Если дочь на что-то обижается, они не обесценивают ее чувства, а сначала выслушивают. В случае ошибки не ругают, а спокойно разговаривают и объясняют, почему так делать нельзя.

– «Мы считаем, что неправильно как только баловать ребенка, так и воспитывать

неге олай жасауға болмайтынын түсіндіреді.

– «Баланы тек еркелетіп өсіру де, тек қатаңдықпен тәрбиелеу де дұрыс емес деп ойлаймыз. Сондықтан ең алдымен сөйлесуге, түсіндіруге тырысамыз. Кейбір нәрсеге еркіндік береміз, ал кейбір мәселеде шекара болуы керек екенін көрсетеміз. Баланың әр әрекетінің артында белгілі бір себеп болады деп ойлаймыз. Сондықтан алдымен тыңдаймыз. Кейін оның жасына сай тілмен неге олай жасауға болмайтынын түсіндіреміз. Қателесу – үйренудің бір бөлігі екенін өзіміз де ұмытпауға тырысамыз. Көңілі түссе, оның сезімін жоққа шығармаймыз. «Жылама» деудің орнына, «Не болды?», «Сені түсініп тұрмын» деп сөйлесеміз. Кейде жай ғана құшақтаудың өзі барлық сөзден артық әсер етеді. Ең бастысы – бала өзін жақсы көретінімізді әрдайым сезініп жүруі керек.

Олардың ойынша, бала өзін қауіпсіз сезінетін ортада ғана ашылып, сеніммен өседі. Сондықтан үйде ең жиі айтылатын сөздер – «Жақсы көреміз», «Жарайсың!», «Сен біздің бақытымызсың». Осындай қарапайым сөздердің өзі баланың өзіне деген сенімін қалыптастырады деп есептейді.

Ақжүректің шығармашылық қабілетін дамыту үшін ата-анасы онымен бірге сурет салады, кітап оқиды, ән айтып, би билейді, түрлі қолөнермен айналысады. Кейде шағын отбасылық влогтар түсіріп, қыздарының еркін сөйлеп, ойын ашық жет-



МЫ СТАРАЕМСЯ ПОМНИТЬ, ЧТО СОВЕРШАТЬ ОШИБКИ – ЭТО ЧАСТЬ ОБУЧЕНИЯ. ЕСЛИ ОНА РАССТРОЕНА, МЫ НЕ ОТРИЦАЕМ ЕЕ ЧУВСТВА. ВМЕСТО СЛОВ «НЕ ПЛАЧЬ», МЫ ГОВОРИМ: «ЧТО СЛУЧИЛОСЬ?», «Я ТЕБЯ ПОНИМАЮ».

только в строгости. Поэтому прежде всего мы стараемся разговаривать и объяснять. Мы даем свободу в определенных вещах, но показываем, где должны быть границы. Мы верим, что за каждым поступком ребенка стоит какая-то причина. Поэтому сначала мы слушаем, а потом на доступном для ее возраста языке объясняем, почему так делать нельзя. Мы стараемся помнить, что совершать ошибки – это часть обучения. Если она расстроена, мы не отрицаем ее чувства. Вместо слов «не плачь», мы говорим: «Что случилось?», «Я тебя понимаю». Иногда простое объятие действует лучше



кізуіне мүмкіндік береді. Ал оның әрбір кішкентай жетістігі міндетті түрде мақтаумен, қуанышпен және жылы сөзбен бағаланады.

«Балаға ең үлкен марапат – ата-анасының шынайы қуанышы», – дейді олар.

Кез келген ата-ана үшін баласының әрбір кішкентай жетістігі – үлкен қуаныш. Алғашқы жаңа сөзі, өздігінен жасаған қарапайым ісі немесе батыл қадамы – мұның бәрі отбасы үшін ерекше мереке. Ақжүректің ата-анасы да дәл осындай ұстанымды ұстанады. Олар үшін баланы қымбат сыйлықпен емес, ең алдымен шынайы мақтау мен бірге қуанудың өзі қанаттандырады.

Әңгіме барысында ата-ана қыздарының өздеріне де көп нәрсе үйреткенін ерекше атап өтті.

– Ақжүрек бізге қарапайым дүниелерден қуаныш табуды үйретті. Оның жаңалыққа таңданыспен қарауы, әр күнге қуана білуі өмірдің шынайы

любых слов. Главное – ребенок должен всегда чувствовать, что мы его любим», – делятся молодые родители.

По их мнению, ребенок раскрывается и растет уверенным в себе только в той среде, где чувствует безопасность. Поэтому самые частые слова в их доме – «Мы тебя любим», «Ты молодец!», «Ты наше счастье». Они считают, что даже такие простые слова формируют уверенность ребенка в себе.

Для развития творческих способностей Акжурек родители вместе с ней рисуют, читают книги, поют, танцуют и занимаются различными поделками. Иногда они снимают небольшие семейные влоги, давая дочери возможность свободно разговаривать и открыто выражать свои мысли. А каждое ее маленькое достижение обязательно поощряется похвалой, радостью и теплыми словами.

«Самая большая награда для ребенка – это искренняя радость родителей», – говорят они.

Для любого родителя каждое маленькое достижение ребенка – огромная радость. Первое новое слово, простой поступок, сделанный самостоятельно, или смелый шаг – все это становится особенным праздником для семьи. Родители Акжурек придерживаются того же принципа. Они уверены, что ребенка окрыляют не дорогие подарки, а искренняя похвала и умение радоваться вместе с ним.

бақыты үлкен жетістіктерде емес, осындай қарапайым сәттерде екенін түсіндірді.

Көпшілік алдында жүрген отбасы үшін сын-пікір де қалыпты жағдай.

«Әрине, түрлі пікір айтылады. Пайдалы сыннан қорытынды шығарамыз. Бірақ негізсіз жағымсыз пікірлерге уақыт жұмсамауға тырысамыз. Біз үшін ең маңыздысы – отбасының психологиялық тыныштығы».

Олардың айтуынша, әлеуметтік желі ешқашан отбасының шынайы өмірінен маңызды болмауы тиіс.

Жас ата-ана бүгінгі технологиядан толықтай бас тарту мүмкін емес екенін түсінеді. Дегенмен экран алдында өткізілетін уақыттың шегі болуы қажет деп есептейді.

Сондықтан бос уақыттарын табиғатта серуендеуге, кітап оқуға, шығармашылық ойындарға және бірге уақыт өткізуге арнайды.

– Балалық шақтың ең әдемі естеліктері телефонда емес, шынайы өмірде қалыптасады, – дейді олар.

– Бүгінгі ата-аналарға қандай кеңес берер едіңіздер?

– Ең алдымен, өзіңізді өзгелермен салыстырмаңыздар дер едік. Қазір әлеуметтік желіде бәрі мінсіз көрінеді. Бірақ әр отбасының өз жолы, әр баланың өз даму қарқыны бар. Балаға ең қажеті – қымбат ойыншықтар немесе мінсіз жағдай емес, ата-анасының махаббаты, наза-

В ходе беседы родители особо отметили, что дочь и их самих многому научила.

– Акжурек научила нас находить радость в простых вещах. Ее удивление всему новому, умение радоваться каждому дню помогли нам понять, что настоящее счастье в жизни заключается не в великих достижениях, а именно в таких простых моментах.

Для семьи, которая находится на виду у публики, критика – явление обычное.

«Конечно, высказываются разные мнения. Из конструктивной критики мы делаем выводы. Но стараемся не тратить время на необоснованные негативные комментарии. Для нас важнее всего – психологический комфорт семьи».

По их словам, социальные сети никогда не должны быть важнее реальной жизни семьи.

Молодые родители понимают, что полностью отказаться от современных технологий невозможно, однако считают, что время, проводимое перед экраном, должно быть ограничено. Поэтому свободное время они посвящают прогулкам на природе, чтению книг, творческим играм и общению друг с другом.

– Самые красивые воспоминания детства формируются не в телефоне, а в реальной жизни, – говорят они.

– Какой совет вы бы дали сегодняшним родителям?

– Прежде всего, мы бы ска-



ры мен бірге өткізетін уақыты.

– Жас ата-ана ретінде бір-біріңізге қалай демеу боласыздар?

– Кейде үлкен қолдаудың қажеті жоқ. «Бәрі жақсы болады» деген бір ауыз сөздің өзі күш береді. Біріміз шаршап немесе көңілсіз болып тұрсақ, екіншіміз міндетті түрде жанынан табылуға тырысамыз. Өйткені бала тәрбиесі – бір адамның емес, екеуміздің ортақ міндетіміз.

Көпшілік мінсіз ата-ана болуға ұмтылады. Алайда сұхбат кейіпкерлері бұл ұғымға өзгеше қарайды.

– Мінсіз ата-ана деген ұғым жоқ. Ең маңыздысы – баланың өзін қауіпсіз, сүйікті әрі бағалы сезінуі. Кейде қателесуіміз мүмкін, бірақ бала ата-анасының шынайы қамқорлығын сезінсе, бұл әлдеқайда маңызды.

Бір-біріне қолдау көрсету дезали: не сравнивайте себя с другими. Сейчас в социальных сетях все кажется идеальным. Но у каждой семьи свой путь, а у каждого ребенка – свой темп развития. Ребенку нужны не дорогие игрушки или идеальные условия, а любовь, внимание и время, проведенное с родителями.

– Как вы, будучи молодыми родителями, поддерживаете друг друга?

– Иногда не нужна большая поддержка. Одной фразы «Все будет хорошо» уже достаточно, чтобы придать сил. Если кто-то из нас устал или пребывает в плохом настроении, второй обязательно старается быть рядом. Ведь воспитание ребенка – это не задача одного человека, а наша общая обязанность.

Многие стремятся стать «идеальными родителями». Однако герои нашего интервью смотрят на это понятие иначе.

– Понятия «идеальный родитель» не существует. Самое важное – чтобы ребенок чувствовал себя в безопасности, любимым и ценным. Иногда мы можем ошибаться, но если ребенок чувствует искреннюю заботу родителей, это гораздо важнее.

Поддержка друг друга – одна из главных ценностей их семьи.

– Иногда не нужны громкие слова. Одна фраза «Все будет хорошо» придает сил. Воспитание ребенка – это наша общая ответственность.

олардың отбасының басты құндылығының бірі.

– Кейде үлкен сөздің қажеті жоқ. «Бәрі жақсы болады» деген бір ауыз сөздің өзі күш береді. Бала тәрбиесі – бір адамның емес, екеуміздің ортақ жауапкершілігіміз.

Бұл отбасы үшін ата-әженің мейірімі мен тәлімінің орны айрықша. Олар үлкендердің ақыл-кеңесі мен өмірлік тәжірибесі ұрпақ тәрбиесінде маңызды рөл атқарады деп есептейді.

– Ата-әже – тәрбиенің үлкен тірегі. Әрине, біз баланы қазіргі заман талабына сай тәрбиелеуге тырысамыз. Дегенмен үлкендердің ақыл-кеңесіне әрдайым құлақ асып, олардың тәжірибесін бағалаймыз. Өйткені ұрпақ тәрбиесінде ата-ананың махаббаты мен ата-әженің даналығы қатар жүргенде ғана бала рухани бай, тәрбиелі болып өседі, – дейді жас ата-ана.

Бүгінгі кейіпкерлеріміз барлық ата-аналарға күнделікті тұрмыста қарапайым, бірақ мағынасы терең дәстүрлер қалыптастыруды ұсынады. Мысалы, бірге ас әзірлеу, дәмді тоқаш пісіру, дастарқан жаю немесе жемістерді түрліше безендіру – бала үшін ұмытылмас естелікке айналады.

Сондай-ақ олар саяхат кезінде баланың көңіл күйіне басымдық беруді маңызды деп санайды.

– Ең бастысы – асықпау. Баланың сүйікті ойыншығын, жеңіл тамағын және қажет заттарын алдын ала дайындасаңыз, саяхат әлдеқайда жайлы

В этой семье особое место занимает любовь и наставления бабушек и дедушек. Они считают, что советы старших и их жизненный опыт играют важную роль в воспитании поколения.

– Бабушки и дедушки – это мощная опора в воспитании. Конечно, мы стараемся воспитывать ребенка в соответствии с требованиями современности. Тем не менее, мы всегда прислушиваемся к советам старших и ценим их опыт. Ведь только когда любовь родителей и мудрость бабушек и дедушек идут рука об руку, ребенок вырастает духовно богатым и воспитанным, – говорят молодые родители.

Сегодняшние герои предлагают всем родителям создавать в повседневной жизни простые, но глубокие по смыслу традиции. Например, вместе готовить еду, печь вкусные булочки, накрывать на стол или украшать фрукты – все это станет для ребенка незабываемыми воспоминаниями.

Также они считают важным отдавать приоритет настроению ребенка во время путешествий.

– Главное – не спешить. Если заранее подготовить любимую игрушку ребенка, легкий перекус и необходимые вещи, поездка пройдет гораздо комфортнее.

В завершение беседы мы спросили у молодых родителей, что бы они хотели, чтобы чувствовала Акжурек, когда

өтеді.

Сұхбат соңында біз жас ата-анадан жиырма жылдан кейін Ақжүрек осы мақаланы оқыса, қандай сезімде болғанын қалайтындарын сұрадық.

– Ақжүрек осы сұхбатты оқығанда бір ғана нәрсені сезінсе екен дейміз: «Мені ата-анам шексіз жақсы көрді» деген сенім. Біз оған мінсіз өмір сыйлай алмауымыз мүмкін, бірақ бар махаббатымызды, қамқорлығымызды және жүрегіміздің жылуын беруге әрқашан тырысамыз. Осы сөздерді оқып, балалық шағын сағынышпен еске алып, жүзіне күлкі үйірілсе – біз үшін ең үлкен бақыт сол.

Кейіпкерлерімізбен болған шынайы әңгімеден жақсы ата-ана болудың сыры мінсіздікте емес, керісінше, баланың жан дүниесін түсініп, қасынан табыла білуде екенін ұқтық. Күн сайын айтылған жылы сөз, бірге өткізілген уақыт, өзара қолдау мен мейірім – балаға берілетін ең үлкен сый. Себебі бақытты балалық шақ қымбат дүниелерден емес, сүйіспеншілікке толы қарапайым сәттерден құралады. Осындай қарапайым құндылықтарды сақтай білген отбасының іргесі де әрқашан берік болмақ. ■

Сұхбаттасқан
С.Е. Нурахметова,
редактор,
«Өркен» балалардың
әл-ауқатын арттыру
ұлттық ғылыми-практикалық
институты,
Алматы қ.

прочитает эту статью через двадцать лет.

– Мы хотим, чтобы, читая это интервью, Акжурек испытала лишь одно: уверенность в том, что «родители меня безгранично любили». Возможно, мы не сможем подарить ей идеальную жизнь, но мы всегда стараемся отдать ей всю нашу любовь, заботу и тепло наших сердец. Если, прочитав эти слова, она с теплотой вспомнит свое детство и на ее лице появится улыбка – для нас это будет самым большим счастьем.

Из искреннего разговора с нашими героями мы поняли: секрет того, чтобы быть хорошими родителями, заключается не в идеальности, а наоборот – в понимании души ребенка и умении всегда быть рядом. Доброе слово, сказанное каждый день, время, проведенное вместе, взаимная поддержка и нежность – это самый великий дар, который можно дать ребенку. Ведь счастливое детство состоит не из дорогих вещей, а из простых моментов, наполненных любовью. И семья, сумевшая сохранить такие простые ценности, всегда будет крепкой. ■

Беседовала:
С. Е. Нурахметова,
редактор,
Национальный
научно-практический
институт благополучия
детей «Өркен»,
г. Алматы



АТА-АНАҒА БАҒДАР БАЛАНЫҢ ЖАНЫНАН ТАБЫЛУ

НЕГЕ ЭМОЦИЯЛЫҚ ЖАҚЫНДЫҚ МІНСІЗ ТӘРБИЕДЕН ДЕ МАҢЫЗДЫ?

ИСКУССТВО БЫТЬ РЯДОМ ПОЧЕМУ ЭМОЦИОНАЛЬНАЯ СВЯЗЬ

ВАЖНЕЕ ИДЕАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ?

М. Н. Аубакирова,
педагог-психолог,
№28 жалпы білім беретін
орта мектеп,
Алматы облысы,
Талғар ауданы.

Егер балаларыңыздың аман-есен, бақытты болып өскенін қаласаңыз, оларға жұмсайтын ақшаңызды екі есе азайтып, уақытыңызды екі есе көбейтіңіз.
Эстер Селсдон,

Ата-ананың басты міндеті – баланы белгілі бір қалыпқа салып тәрбиелеу емес, оның қайталанбас болмысы табиғи түрде ашылатын құнарлы орта бола білу.

Қазіргі психологияда назар «Баланы қалай дұрыс жазалап, қалай мадақтау керек?» деген сұрақтан «Қауіпсіз эмоционал-

М. Н. Аубакирова,
педагог-психолог,
общеобразовательная
средняя школа №28,
Талгарский район,
Алматинская область

Если вы хотите, чтобы ваши дети были благополучны, тратьте на них в два раза меньше денег и в два раза больше времени.
Эстер Селсдон

Главная задача родителя – не «слепить» из ребенка определенную фигуру, а стать плодородной почвой, на которой его уникальная личность сможет раскрыться сама.

дық байланысты қалай қалыптастыруға болады?» деген мәселеге ауысты. Бүгінгі ата-ана болу – баланы бағындыру емес, оның өзін қауіпсіз сезініп, еркін өсіп-жетілетін кеңістік қалыптастыру.

Тұлғаның іргетасы. Салауатты ата-ана мен бала қарым-қатынасының негізі – ағылшын психиатры, психоаналитигі, даму және отбасы психологиясының маманы Джон Боулби мен американдық-канадалық даму психологы Мэри Эйнсворт әзірлеген сенімді байланыс тұжырымдамасы. Ата-анасының әрдайым жанынан табылатынын, ашық әрі қамқор екенін білетін бала, парадоксальді түрде, әлдеқайда тәуелсіз болып өседі.

Сенімді байланыс – ата-ананың баласымен толықтай тұтасып кетуі емес, баланың өзін қандай күйде болса да – қуанышты сәтінде де, ашуға булыққан кезінде де – қабылдайтынына деген сенімі. Маңыздысы – бірге өткізген уақыттың ұзақтығы емес, оның сапасы, яғни ата-ананың бала өміріне шынайы әрі ықыласпен қатысуы.

Баланың эмоциялық дауылына қалай төтеп беруге болады? Британдық психоанализ мектебінің көрнекті өкілдерінің бірі, Фрейдтен кейінгі ең ірі психоаналитикалық ойшылдардың бірі саналатын Уилфред Бион ғылымға контейнирлеу ұғымын енгізді. Бұл жерде ата-ана «психологиялық контейнер» рөлін атқарады. Бала өздігінен жеңе алмайтын күшті эмоци-

В современной психологии фокус внимания сместился с вопроса «Как правильно наказывать и поощрять?» на вопрос «Как построить безопасную привязанность?» Родительство сегодня – это не дрессировка, а создание пространства, в котором ребенок может безопасно расти.

Фундамент личности. Основой здоровых детско-родительских отношений является концепция надежной привязанности, разработанная английским психиатром и психоаналитиком, специалистом в области психологии развития, психологии семьи Джоном Боулби и Мэри Эйнсворт, американо-канадским психологом в области развития. Ребенок, который знает, что его родитель всегда доступен, открыт и отзывчив, парадоксальным образом вырастает более независимым.

Надежная привязанность – это не полное слияние родителя со своим чадом, а уверенность ребенка в том, что его примут любым: и в радости, и в истерике. Важно не количество времени, проведенного вместе, а его качество – так называемое включенное присутствие.

Как выдерживать детские бури? Уилфред Бион, один из самых ярких представителей британской школы психоанализа, которого называют величайшим после Фрейда психоаналитическим мыслителем, ввел в науку термин контейнирование. Родитель выступает в роли «психологи-



ясын (ашу, қорқыныш, реніш) білдіреді. Ата-ана сол эмоцияны қабылдап, оны өз бойында өңдеп, сабырын сақтайды. Содан кейін оны балаға түсінікті түрде қайта жеткізеді: «Қазір сенің қатты ашуланып тұрғаныңды көріп тұрмын, себебі біз ойын алаңынан кетіп барамыз. Бұл саған ауыр тиіп тұрғанын түсінемін, бірақ қазір осылай жасауымыз керек».

Шекара – сүйіспеншіліктің бір көрінісі. Көптеген ата-ана демократиялық тәрбиені шектен тыс еркіндікпен шатастырады. Алайда шекараның болмауы балада мазасыздық тудырады. Американдық отбасы

ческого контейнера». Ребенок выдает сильную эмоцию (гнев, страх, обиду), с которой не может справиться сам. Родитель принимает эту эмоцию, перерабатывает ее в себе, сохраняя при этом спокойствие. Затем он возвращает эмоцию ребенку в понятном для него виде: «Я вижу, ты сейчас очень злишься, потому что мы уходим с игровой площадки. Понятно, что это обидно, но так нужно».

психологы Диана Баумриндтің зерттеулеріне сәйкес, тәрбиенің ең тиімді үлгісі – беделді (авторитетті) стиль (авторитарлық стильмен шатастырмау керек). Оның негізі – жылы қарым-қатынас пен жоғары талаптың үйлесімі. Біз баланың сезімін шынайы түсініп, оған жанашырлық танытамыз, бірақ мінез-құлық, қауіпсіздік және адамгершілік қағидаларында берік ұстанымнан айнымаймыз.

Қазіргі ата-ананың қиындықтары. Бүгінде көптеген ата-ана интенсивті ата-ана болу құбылысымен бетпе-бет келіп, соның салдарынан эмоционалдық қажуға ұшырайды. Баланың дамуына мінсіз жағдай жасаушы болуға деген ұмтылыс көбіне ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты табиғилық пен қуаныштан айырады. Сондықтан британдық педиатр әрі балалар психоаналитигі Дональд Винникоттың «жеткілікті жақсы ана» тұжырымдамасын есте ұстау маңызды: балаға мінсіз ата-ана емес, кейде қателесетін, бірақ өз қатесін мойындай алатын тірі адам қажет.

Тақырыпты тереңірек зерттегісі келетіндерге психология ғылымында мойындалған классикалық еңбектер мен заманауи зерттеулерге сүйенуге кеңес беремін.

Джон Боулби.
«Байланыс».

Ана мен сәби арасындағы байланыстың қалай қалыптасатынын түсіндіретін іргелі еңбек.

Границы как форма любви. Часто родители путают демократию с попустительством. Однако отсутствие границ вызывает у ребенка тревогу. Согласно исследованиям американского семейного психолога Дианы Баумринд, наиболее успешным стилем воспитания является авторитетный (не путать с авторитарным). Глубокое тепло + высокие требования. Мы искренне сочувствуем переживаниям ребенка, но остаемся тверды-ми в правилах поведения, безопасности и морали.

Трудности современного родительства. Сегодня родители сталкиваются с феноменом интенсивного родительства, который ведет к выгоранию. Попытка быть идеальным фасилитатором развития ребенка часто лишает отношения спонтанности и радости. Поэтому



БҮГІНДЕ КӨПТЕГЕН АТА-АНА ИНТЕНСИВТІ АТА-АНА БОЛУ ҚҰБЫЛЫСЫМЕН БЕТПЕ-БЕТ КЕЛІП, СОНЫҢ САЛДАРЫНАН ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ҚАЖУҒА ҰШЫРАЙДЫ



Людмила Петрановская.
«Құпия тірек: баланың өмірімен байланыс».

Байланыс теориясын қарапайым әрі түсінікті тілмен баяндайтын үздік кітаптардың бірі.

Дональд Винникотт.
«Ата-аналармен әңгіме».

Мінсіз емес ата-ана болудың қалыпты екенін түсіндіретін еңбек.

Юлия Гиппенрейтер.
«Баламен қалай сөйлесу керек?»

Белсенді тыңдау мен «мен-хабарламалары» тәсілдерін үйрететін негізгі құрал.

Гарри Нельсон.
«Драмасыз тәртіп».

Баланың миының жұмысын түсіну арқылы тәрбиелеудің заманауи тәсілін ұсынатын кітап.

важно помнить концепцию британского педиатра и детского психоаналитика Дональда Винникотта о «достаточно хорошей матери»: ребенку не нужен идеал, ему нужен живой человек, который иногда ошибается, но умеет признавать свои ошибки.

Для тех, кто хочет глубже погрузиться в тему, рекомендую опираться на признанную классику и современные исследования.

Джон Боулби.
«Привязанность».

Фундаментальный труд о том, как формируются узы между матерью и младенцем.

Людмила Петрановская.
«Тайная опора: привязанность в жизни ребенка».

Лучшее изложение теории привязанности простыми словами.

Дональд Винникотт.
«Разговор с родителями».

Книга о том, почему быть «несовершенным» родителем, – это нормально.

Юлия Гиппенрейтер.
«Общаться с ребенком. Как?»

Базовое пособие по технике активного слушания и я-сообщений.

Гарри Нельсон.
«Дисциплина без драм»

Современный подход к воспитанию через понимание работы мозга ребенка.

Ең маңыздысы – сенімді байланыс тек балалық шаққа ғана қатысты ұғым емес. Ол адамның есейгенде қандай тұлға болып қалыптасатынын айқындайды. Балалық шағында өзін қауіпсіз сезінген адам есейгенде:

- жақын қарым-қатынас орната алады, бірақ өз болмысын жоғалтпайды;
- күйзеліс пен белгісіздікке төзімді келеді;
- махаббатты тәуелділікпен шатастырмайды;
- өзіне сенім артып, үнемі сыртқа мақұлдау іздей бермейді.

Нейропсихология тұрғысынан алғанда, тұрақты эмоционалдық қолдау баланың миындағы өзін-өзі реттеуге, шешім қабылдауға және жанашырлыққа жауап беретін маңдай қыртысында (префронталды қыртыста) берік нейрондық байланыстардың қалыптасуына ықпал етеді. Қарапайым тілмен айтқанда, жанында сабырлы ересек адамның болуы – баланың жүйке жүйесі толық жетілгенге дейін оған өз тыныштығын «уақытша бөлісу» деген сөз.

Қазіргі ата-аналар көбіне эмоциялық салқындықтан гөрі қателесуден көбірек қорқады. Алайда парадокс мынада: ересектің мінсіз әрекеті баланы шынайы өмірге дайындамайды. Әлдеқайда маңызды тәжірибе:

- ата-ананың кейде сабырын жоғалтуы;
- кейін мұны түсінуі;
- баласына қайта келіп, кешірім сұрап, жағдайды түсіндіруі.

Важно понимать: надежная привязанность – это не только про детство. Это про то, каким взрослым человек выходит в мир. Ребенок, чей опыт отношений был безопасным, во взрослом возрасте:

- легче вступает в близость, не теряя при этом себя;
- умеет выдерживать фрустрацию и неопределенность;
- не путает любовь с зависимостью;
- способен опираться на себя, а не постоянно искать внешнее подтверждение своим действиям.

С точки зрения нейропсихологии, регулярный опыт эмоциональной поддержки формирует у детей устойчивые нейронные связи в префронтальной коре – зоне, отвечающей за саморегуляцию, принятие решений и эмпатию. Проще говоря, спокойный взрослый рядом как бы «одалживает» ребенку свою нервную систему, пока его еще не «дозрела».

Современные родители часто боятся ошибок больше, чем эмоциональной холодности. Но парадокс в том, что идеальное поведение взрослого не учит ребенка реальной жиз-



ИСКУССТВО БЫТЬ РЯДОМ – ЭТО НЕ НАБОР ТЕХНИК

Осы арқылы бала:

■ қарым-қатынастың қиындыққа төтеп бере алатынын;

■ жанжалдың апат емес екенін;

үзілген байланысты қайта қалпына келтіруге болатынын үйренеді.

Психологиялық тұрақтылықты қалыптастыратын – «мінсіз тәрбие» емес дәл осы тәжірибе екенін ұғады.

Ересек адамның өз жағдайына мән бермей тұрып, сенімді байланыс туралы айтуы мүмкін емес. Эмоциялық тұрғыдан қажыған ата-ана балаға тірек бола алмайды, өйткені оның өз ішкі қуаты сарқылған. Сондықтан өзіңе қамқорлық жасау – өзімшілдік емес, тәрбиенің маңызды бөлігі.

Балаға мінсіз кейіпкер қажет емес. Оған:

■ кейде шаршайтын;

■ кейде жауабын білмейтін;

■ бірақ қандай жағдайда да баламен байланысын үзбейтін тірі адам қажет.

Міне, тұлға зорлықсыз әрі қорқынышсыз өсіп-жетілетін құнарлы орта – осы.

Баланың жанынан табыла білу – белгілі бір әдістер жиынтығы емес. Бұл – ішкі ұстаным: «Мен сенің жаныңдамын. Сені жақсы көру үшін мінсіз, дұрыс немесе бәріне ұнамды болуың міндетті емес.»

Бұл сөздер жай ғана айтылып қоймай, күнделікті өмірде іс жүзінде көрініс тапқанда, тәрбие күрес болудан қалады. Ол өзара қарым-қатынасқа айналады. Ал қарым-қатынас – тәрбиенің ең қуатты құралы. ■

ни. Гораздо ценнее опыт:

■ когда родитель срывается;

■ затем осознает это;

■ и возвращается с извинениями и объяснениями.

Так ребенок учится:

■ что отношения выдерживают напряжение;

■ что конфликт – не катастрофа;

■ что восстановление связи возможно.

Именно это, а не «безошибочное воспитание», формирует психологическую устойчивость.

Нельзя говорить о здоровой привязанности, игнорируя состояние самого взрослого. Эмоционально истощенный родитель физически не может быть «контейнером» – его «чаша» пуста. Поэтому забота о себе – не эгоизм, а элемент воспитания.

Ребенку не нужен герой. Ему нужен живой человек, который:

■ иногда устает;

■ иногда не знает ответа;

■ но всегда остается в контакте.

Это и есть та самая плодородная почва, на которой личность растет без насилия и страха.

Искусство быть рядом – это не набор техник. Это внутренняя позиция: «Я с тобой. Ты не обязан быть хорошим, правильным и удобным для всех, чтобы тебя любили».

Когда это послание проживается, а не просто произносится, воспитание перестает быть борьбой и превращается в отношения. А отношения, как известно, и есть главный воспитательный инструмент. ■

АТА-АНАЛАРҒА

РОДИТЕЛЯМ



Кейде күнделікті күйбең тіршілік ерлі-зайыптылардың серіктестік және романтикалық қарым-қатынасына кері әсер етіп, үй ішіндегі жанжалдардың жиілеуіне себеп болады.

Балалы отбасыларда ерлі-зайыптылар уақыт өте келе бір-бірінің серігі болудан гөрі, тек «баланың ата-анасы» рөлінде қалып қояды. Соның салдарынан өзара сенім мен жақындық әлсіреп, отбасының берік іргетасы шайқалады. Ал ата-анасының қарым-қатынасы мықты болған сайын, баланың да өзін қауіпсіз әрі бақытты сезінуіне мүмкіндік артады.

Мәселенің мәні: Балалар көп көңіл бөлуді қажет етеді. Осыған байланысты ересектер барлық күш-жігерін ата-аналық міндеттерге жұмсап, жұбайлық қарым-қатынасты екінші орынға ысырып қояды. Нәтижесінде өзара сенім, эмоционалдық жақындық пен серіктестік әлсірейді. Бұл отбасының тұрақтылығына қауіп төндіреді, өйткені қиын кезеңдерде ерлі-зайыптылардың бір-біріне сүйенетін берік тірегі болмай қалуы мүмкін.

Порой рутина съедает партнерские и романтические отношения обостряя конфликты дома.

У семей с детьми супруги часто превращаются в «родителей в паре», забывая о партнерстве. Это снижает доверие и романтику и ослабляет семейный фундамент – а дети выигрывают, когда рядом крепкая пара.

Коротко о проблеме: дети требуют внимания, и взрослые часто «сливаются» в родительстве, забывая про партнерство. Это снижает доверие, интимность и служит риском для стабильности семьи – в кризисных ситуациях опоры просто не будет.

БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ —
БАҚЫТТЫ БАЛАЛАР

Бір-бірімізге назар аударайық

Отбасы – махаббат пен қолдаудың мекені



Практикалық қағидалар

1

Ерлі-зайыптыларды отбасының «негізгі тірегі» ретінде қорғаңыздар – сіздер ата-анасыздар, бірақ ең алдымен серіктессіздер. «Біз» дәстүрлерін сақтаңыздар.

2

Міндеттерді бөлісіңіздер.

Балаларға кімнің және қашан жауапты болатынын белгілеңіздер, сонда ерлі-зайыптыларға уақыт қалады.

3

Іскерлік қарым-қатынас жасаңыздар:

алдын ала келісіңіздер (кесте, күтілетін нәтижелер), эмоциялардың жиналуына жол бермеңіздер.

4

Балалардың көзінше ұсақ жанжалдарды талқыламаңыздар:

«Мұны балалар ұйықтағаннан кейін талқылайық» деген сөздерді қолданыңыздар.


5

Жақындықты шағын дәстүрлер арқылы сақтаңыздар –

жанасу, жылы сөз айту, бірге қысқа кездесулер ұйымдастыру.

Балалары бар тұрақты некедегі сенім мен романтиканы нығайтуға арналған жаттығу –

«60 минуттық сенім дәстүрі»



Мақсаты: сезімді қалпына келтіру, сенімді арттыру, романтиканы жандандыру.

Нұсқаулық

Аптасына бір рет 60 минуттық уақыт белгілеңіздер: гаджеттерсіз, тұрмыстық тақырыптарсыз – тек екеуіңіз ғана.

60 минуттың құрылымы:

1. **5 минут** – үнсіздік пен жанасу.
   Тек бірге болыңыздар.
2. **20 минут – «Алғыс шеңбері».**
   Кезекпен серіктесіңізге алғыс айтатын 3 нақты және шынайы нәрсені атаңыздар.
3. **20 минут – «Кішкентай өтініш».**
   Әрқайсыңыз серіктесіңізге бір нақты өтініш айтыңыздар (бір іске көмектесу, шешімді қолдау, шағын өтінішті орындау). Серіктесіңіз «иә», «жоқ» немесе «қалай жүзеге асыратынымызды талқылайық» деп жауап береді. Егер «иә» десе, орындау мерзімін белгілейді.
4. **15 минут – романтикалық сәт.**
   Қысқа сезіміңізді білдіріңіздер, қызықты оқиғаны еске түсіріңіздер, құшақтасыңыздар немесе шағын кездесу жоспаарлаңыздар.

Бастауға арналған дайын сөйлемдер

«Менімен байланыста болғаның маңызды. Аптасына бір рет балаларсыз және гаджеттерсіз өзімізге бір сағат арнайық.»

«Сен осылай айтқанда, мен осылай сезінемін. Маған мына істе сенің көмегің қажет.»

«Кеше жасаған ісің үшін рақмет. Бұл мен үшін өте маңызды болды.»

СЧАСТЛИВАЯ СЕМЬЯ —
СЧАСТЛИВЫЕ ДЕТИ

Близость начинается с вас

Как сохранить любовь
в браке, когда есть дети



Практические правила

1 **Защитите пару как «основную ячейку» –** вы родители, но прежде всего партнеры. Поддерживайте ритуалы «мы».

2 **Делегируйте.** Обозначьте, кто и когда отвечает за детей, чтобы освободить время для пары.

3 **Коммуникация по делу:** договаривайтесь заранее (расписание, ожидания), избегайте эмоциональных накоплений.

4 **Не обсуждайте мелкие конфликты при детях:** используйте фразы «обсудим это позже, когда дети спать».

5 **Поддерживайте близость через маленькие ритуалы –** прикосновения, комплименты, совместные мини-свидания.

Упражнение для доверия и романтики в устоявшемся браке с детьми – «Ритуал 60 минут доверия»



Цель: вернуть чувствительность, повысить доверие, активизировать романтику.

Инструкция

Договоритесь о еженедельном «окне» 60 минут: никаких гаджетов, никакой бытовой темы – только вы двое.

Структура 60 минут:

1. **5 минут тишины и прикосновений** – просто быть вместе.
2. **20 минут: «колесо благодарности»** – по очереди говорите 3 вещи, за которые вы благодарны партнеру (конкретно и честно).
3. **20 минут: «маленькая просьба»** – каждый называет одну реальную просьбу к партнеру (помочь с делом, поддержать решение, выполнить маленькую услугу), партнер отвечает «да/нет/обсудим как» и если «да» – фиксирует срок.
4. **15 минут: романтический элемент** – прочитать короткое признание, вспомнить смешную историю, обнять, спланировать мини-свидание.

Готовые фразы для начала

«Мне важно с тобой быть в контакте. Давай договоримся о нашем часу раз в неделю – без детей и гаджетов».

«Когда ты говоришь так, я чувствую это. Нужна твоя помощь в таком деле».

«Спасибо, что вчера сделал(а) что-то – это для меня много значило».



НЕГЕ КЕЙБІР
СӨЗДЕР ЖҮРЕККЕ АУЫР ТИЕДІ?

ПОЧЕМУ ОБИДНЫЕ СЛОВА БОЛЯТ
НЕ МЕНЬШЕ,
ЧЕМ СИНЯК?

Бізді біреу ренжіткенде ағзамызда не болады?

Елестетіп көрші: сен мектепке көтеріңкі көңіл күймен келдің. Бірақ біреу жаңа шаш үлгіңе, киіміңе немесе тақта алдында жіберген қателігіңе күліп жіберді. Сені ешкім ұрған жоқ, бірақ ішің қатты ауырғандай болды. Көңіл күйің түсіп, ешкіммен сөйлескің келмейді, тығылып қалғың келеді немесе ертең мектепке барғың да келмейді.

Неліктен бұлай болады? Шынымен-ақ сөз адамның жанын жаралай ала ма?

Иә! Біздің миымыз ауыр қорлау, келемеждеу мен балағат сөздерді дене жарақатынан болатын ауырсынуға өте ұқсас қабылдайды. Сондықтан жағымсыз сөздерден кейін адам өзін көгеріп қалғандай ауыр сезінуі мүмкін.

Осы айдарда біз буллингтің не екенін, оның ешқашан «жай ғана әзіл» болмайтынын және өзіңді де, өзгелерді де қалай қорғай алатыныңды айтып береміз.

Неліктен сөз жанға батады?

Әр адам өзін қажет, сыйлы әрі жақсы көрілетін жан ретінде сезінгісі келеді. Айналамыздағы адамдар бізге құрметпен қараса, біз өзімізді қауіпсіз әрі сенімді сезінеміз.

Ал егер баланы үнемі мазақтаса, келеке етсе, ойыннан шеттетсе немесе ол туралы өсек таратса, ми мұны қауіп ретінде қабылдайды. Сол кезде ағзада күйзеліс гормонда-

Что происходит с нами, когда нас обижают?

Представь, что ты пришел в школу в хорошем настроении. Но кто-то засмеялся над твоей новой прической, одеждой или ошибкой у доски. Казалось бы, тебя никто не ударил, но внутри стало очень неприятно. Настроение испортилось, захотелось молчать, спрятаться или даже не идти в школу на следующий день.

Почему так происходит? Неужели слова действительно могут причинять боль?

Да! Наш мозг воспринимает сильное унижение, насмешки и оскорбления почти так же, как физическую боль. Именно поэтому после неприятных слов человеку бывает так же тяжело, как после ушиба.

В этой рубрике мы расскажем, что такое буллинг, почему он никогда не бывает «просто шуткой» и как защитить себя и других.

Почему слова могут ранить?

Каждый человек хочет чувствовать себя нужным, принятым и любимым. Когда окружающие относятся к нам с уважением, мы чувствуем себя спокойно и уверенно.

Но если ребенка постоянно дразнят, обзывают, исключают из игр или распространяют про него слухи, мозг воспринимает это как опасность. Организм начинает вырабатывать гормоны стресса. Сердце бьется быстрее, появляется тревога, исчезает

ры бөлінеді. Жүрек жиі соғады, мазасыздық пайда болады, сөйлесуге де, күлуге де зауқың соқпай қалады.

Сондықтан ренжітетін сөздерден кейін іштің немесе бастың ауыруы, тіпті тәбеттің жоғалуы да мүмкін. Бұл – ойдан шығарылған нәрсе емес. Ағзамыз күшті күйзеліске дәл осылай жауап береді.

Буллинг дегеніміз не?

Кейде балалар кездейсоқ ренжісіп немесе сөзге келіп қалуы мүмкін. Бүгін ұрысып, ертең қайтадан бірге ойнай береді. Бұл – кәдімгі жанжал.

Ал буллинг – мүлде басқа жағдай.

Буллинг – бір адамды әдейі және қайта-қайта қорлау, кемсіту немесе қорқыту.

Буллинг әртүрлі түрде көрінуі мүмкін:

- ренжітетін лақап ат қою және мазақ ету;
- әдейі ортаға қоспау;
- өсек тарату;
- қорқыту;
- итеру немесе заттарын бүлдіру;
- интернет арқылы қорлайтын хабарламалар жіберу.

Буллингтің басты белгісі – оның үнемі қайталануы және қасақана зия келтіру ниеті.

Неліктен кейбір балалар өзгелерді ренжітеді?

Кейде ренжітуші өзін өте батыл әрі мықты етіп көрсеткісі келеді. Бірақ шын мәнінде бұл әрдайым солай бола бермейді.

желание разговаривать и смеяться.

Вот почему после обидных слов могут болеть живот, голова или даже пропасть аппетит. Это не выдумка – так наш организм реагирует на сильные переживания.

Что такое буллинг?

Иногда дети могут случайно поссориться. Сегодня поспорили – завтра уже снова играют вместе. Это обычный конфликт.

Буллинг – совсем другое.

Буллинг – это когда одного человека специально и неоднократно обижают, унижают или запугивают.

Это может происходить по-разному:

- обидные прозвища и насмешки;
- исключение из компании;
- распространение слухов;
- угрозы;
- толчки или порча вещей;
- оскорбительные сообщения в интернете.

Главное отличие буллинга – это повторение и желание причинить боль.

Почему некоторые дети начинают обижать других?

Иногда кажется, что обидчик очень смелый и сильный. Но на самом деле это далеко не всегда так.

Некоторые дети обижают других потому что:

- хотят привлечь внимание;
- стараются выглядеть «круче» перед друзьями;

Кейбір балалар басқаларды ренжітеді, өйткені:

- өзіне назар аудартқысы келеді;
- достарының алдында «беделді» болып көрінгісі келеді;
- өздері бұрын дөрекілікке тап болған;
- эмоцияларын дұрыс басқара алмайды.

Бірақ қандай себеп болса да, буллингті ешқашан ақтауға болмайды.

Ең сенімді көмекшілер

Бала қорыққанда немесе ренжігенде, оның жанында міндетті түрде сенімді ересек адам болуы керек.

Олар:

- ата-анасы;
- сынып жетекшісі;
- мектеп психологі;
- сүйікті мұғалімі;
- атасы немесе әжесі болуы мүмкін.

Көмек сұрау – шағымдану емес.

Бұл – батылдықтың белгісі.

Нағыз батылдық – әділетсіздікке қарсы тұру.

Егер сені ренжітсе не істеу керек?

Егер сен буллингке тап болсаң, мына ережелерді есте сақта:

- Өзіңді кінәлама. Ешкім мазаққа немесе қорлыққа лайық емес.
- Сенетін ересек адамға айт. Ересектер мәселені неғұрлым ерте білсе, соғұрлым тезірек көмектесе алады.
- Дөрекілікке дөрекілікпен

- сами когда-то сталкивались с грубостью;
- не умеют справляться со своими эмоциями.

Но какой бы ни была причина, буллинг никогда нельзя оправдать.

Самые важные помощники

Когда ребенку страшно или обидно, рядом всегда должны быть взрослые.

Это могут быть:

- родители;
- классный руководитель;



БУЛЛИНГТІҢ БАСТЫ БЕЛГІСІ – ОНЫҢ ҮНЕМІ ҚАЙТАЛАНУЫ ЖӘНЕ ҚАСАҚАНА ЗИЯН КЕЛТІРУ НИЕТІ



жауап берме. Бұл жағдайды ушықтыра түседі.

- Егер интернетте қорласа, жауап берме, хабарламаларды сақтап қой да, ересек адамға көрсет.
- Есте сақта: сен жалғыз емессің. Саған қолдау көрсетуге дайын адамдар әрқашан бар.

Егер басқа біреуді ренжітіп жатса ше?

Кейде біз буллингтің куәсі боламыз.

- школьный психолог;
- любимый учитель;
- бабушка или дедушка.

Просить помощи – это не ябедничать.

Это смелый поступок.

Настоящая смелость – остановить несправедливость.

Что делать, если тебя обижают?

Если ты столкнулся с буллингом, запомни несколько простых правил.

- Не вини себя. Никто не заслуживает насмешек или унижений.
- Расскажи взрослому. Чем раньше взрослые узнают о проблеме, тем быстрее смогут помочь.
- Не отвечай грубостью на грубость. Это обычно только усиливает конфликт.
- Если тебя обижают в интернете, не отвечай обидчику, сохрани сообщения и покажи их взрослым.
- Помни: ты не один. Всегда есть люди, которые готовы поддержать тебя.

А если обижают другого?

Иногда мы становимся свидетелями буллинга.

Кажется, что проще промолчать. Но молчание помогает обидчику продолжать свои поступки.

Если ты видишь, что кого-то обижают:

- не смейся вместе со всеми;
- поддержи того, кого обидели;
- позови взрослого;
- покажи своим поведени-

Ондай кезде үндемей қалған оңай көрінуі мүмкін. Бірақ үнсіздік ренжітушінің әрекетін жалғастыруына мүмкіндік береді.

Егер біреудің қорланып жатқанын көрсең:

- өзгелермен бірге күлме;
- жәбір көрген адамға қолдау көрсет;
- ересек адамды шақыр;
- өз іс-әрекетіңмен мазақтың күлкілі емес екенін көрсет.

Кейде жағдайды өзгерту үшін бір адамның өзі жеткілікті.

Ата-аналарға кеңес

Бала әрдайым: «Мені ренжітіп жүр» деп ашық айта бермейді.

Кейде ол:

Мектепке барғысы келмей, үйде қалуға себеп іздей бастайды.

Тұйықталып, мазасызданып немесе жиі жылайды.

Бұрын жақсы көрген істеріне қызығушылығын жоғалтады.

Ешқандай айқын себепсіз басының немесе ішінің ауыратынын айтады.

Осындай өзгерістерді байқасаңыз, балаңызбен сабырлы түрде сөйлесіңіз.

Оған:

«Өзің кінәлісің» немесе «Елемей-ақ қой» деп айтпаңыз.

Оның орнына:

«Мен сенің жаныңдамын. Маған айтқаныңа рақмет. Біз бұл қиындықты міндетті түрде бірге еңсереміз.»

Ата-ананың қолдауы балаға өзін қауіпсіз сезінуге көмектеседі.

ем, что издевательства – это не смешно.

Даже один человек способен изменить ситуацию.

Совет для родителей

Не всегда ребенок прямо говорит: «Меня обижают».

Иногда он начинает:

Неохотно идти в школу или искать повод остаться дома.

Становится молчаливым, тревожным или часто плачет.

Теряет интерес к любимым занятиям.

Жалуется на головную боль или боль в животе без явной причины.


Если вы заметили такие изменения, спокойно поговорите с ребенком.

Не обвиняйте его словами: «Сам виноват» или «Не обращай внимания».

Лучше сказать:

«Я рядом. Спасибо, что рассказал. Мы обязательно справимся вместе.»

Именно поддержка родителей помогает ребенку почувствовать безопасность.



Қызықты деректер

Біздің миымыз қатыгездікті ұнатпайды. Адам жақсылық жасағанда ағзада «қуаныш гормондары» бөлініп, көңіл күй жақсарып, күйзеліс азаяды.

Жылы сөздің де емдік күші бар. Шынайы мақтау немесе қолдау сөзі адамның көңіл күйін айтарлықтай көтере алады.

Балалардың басым көпшілігі буллингті қолдамайды. Зерттеулер көрсеткендей, көптеген куәгерлер мазақты көргенде өздерін жайсыз сезінеді, бірақ қалай көмектесуді білмейді.

Бір ғана адал дос көп нәрсені өзгерте алады. Егер баланың жанында оны қолдайтын кем дегенде бір адам болса, оған қиын жағдайларды еңсеру әлдеқайда жеңіл болады.

Буллинг – жай ғана әзіл де, ойын да емес. Ол адамның денесінде бірде-бір жара болмаса да, жанын қатты жаралайды.

Әр адам құрметке, жылы сөзге және қауіпсіз ортада өмір сүруге лайық.

Егер сені немесе жаныңдағы біреуді ренжітіп жатса, үндеме. Сенетін ересек адамға міндетті түрде айт. Көмек сұрау – өзіңе де, өзгелерге де қамқорлық жасаудың белгісі.

Есте сақта: мейірімділік әрқайсымыздан басталады. Кейде бір ғана жылы сөз біреудің күнін өзгерте алады, ал кейде – тұтас өмірін де өзгертуі мүмкін. ■

Интересные факты

Наш мозг не любит жестокость. Во время добрых поступков организм вырабатывает «гормоны радости», благодаря которым улучшается настроение и снижается стресс.

Добрые слова тоже лечат. Искренний комплимент или слова поддержки могут заметно поднять настроение человеку.

Большинство детей не поддерживают буллинг. Исследования показывают, что многим свидетелям неприятно видеть издевательства, но они часто просто не знают, как помочь.

Один друг способен многое изменить. Если у ребенка есть хотя бы один человек, который его поддерживает, ему намного легче справляться с трудными ситуациями.

Буллинг – это не шутка и не игра. Он причиняет настоящую боль, даже если на теле нет ни одной царапины.

Каждый человек заслуживает уважения, добрых слов и чувства безопасности.

Если тебя или кого-то рядом обижают – не молчи. Расскажи взрослым, которым доверяешь. Просить помощи – значит заботиться о себе и о других.

Помни: доброта начинается с каждого из нас. Иногда одно доброе слово способно изменить чей-то день, а иногда – даже всю жизнь. ■



ЖАС ДАРЫННЫҢ ЖАРҚЫН ЖОЛЫ

ЯРКИЙ ПУТЬ ЮНОГО ТАЛАНТА

Кейбір балалардың жетістігіне қарап, «Ол мұның бәріне қалай үлгеріп жүр?» деп таңғаласың. Сабақта озат, кітапқа құмар, сахнада еркін, түрлі байқауларда жеңімпаз атанып жүрген жан-жақты оқушылардың бірі – Асылбек Әділсұлтан Айдынұлы.

Әділсұлтанның бойындағы ерекшелік – оның тек білімге ғана емес, әдебиетке, көркем-сөз өнеріне, шығармашылыққа деген ерекше сүйіспеншілігі. Ол кішкентайынан кітап оқуға қызығып, рухани дүниені терең түсінуге талпынып келеді. Оның оқырмандық қабілетін дәлелдейтін үлкен жетістіктерінің

Глядя на достижения некоторых детей, невольно удивляешься: «Как он все успевает?» Отличная учеба, любовь к книгам, уверенное выступление на сцене, победы в различных конкурсах – одним из таких всесторонне развитых школьников является Асылбек Адильсултан Айдынулы.

Главная особенность Адильсултана – его искренняя любовь не только к знаниям, но и к литературе, художественному чтению и творчеству. С раннего детства он увлечен чтением книг и стремится глубже познавать духовный мир. Одним из ярких подтвержде-



бірі – «Бір беттен тұрса да, бір кітаптың қаймағы, тұтас ойдың оймағы» атты байқауда «Үздік оқырман» атануы. Бұл – оның ой-өрісінің кеңдігін, кітапқа деген сүйіспеншілігін айқын көрсететін жетістік.

Кітапқа деген сүйіспеншілік оны көркемсөз оқу өнеріне жетеледі. Әділсұлтан әр шығарманы жүрегімен сезініп, тыңдарманға әсерлі жеткізе біледі. Сондықтан да қалалық

ний его читательских способностей стала победа в конкурсе «Пусть книга состоит всего из одной страницы, но в ней заключена суть целого произведения и глубина мысли», где он был признан «Лучшим читателем». Эта награда стала свидетельством его широкого кругозора и искренней любви к книгам.

Именно любовь к чтению привела его в мир художественного слова. Адильсултан умеет прочувствовать каждое произведение сердцем и проникновенно донести его до слушателей. Благодаря этому он стал лауреатом номинации «Сөз мәйегі» на городском конкурсе «Сөз – ғажайып әлем», завоевал гран-при Международного конкурса художественного чтения, посвящённого творчеству Абая Кунанбаева и Мукагали Макатаева. Кроме того, он занял I место в конкурсе чтецов стихотворений Абая «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», а также был награжден специальной благодарностью на поэтическом конкурсе «Өленді ақыл, өзі – аңыз», организованном акиматом города Астаны.

Адильсултан добивается высоких результатов не только в творчестве, но и в учебе. Он занял I место на республиканской онлайн-олимпиаде и был удостоен диплома II степени интеллектуальной олимпиады «Ақбота». Эти достижения являются результатом его любознательности, стремления к

«Сөз – ғажайып әлем» байқауында «Сөз мәйегі» номинациясының жүлдегері атанып, Абай Құнанбайұлы мен Мұқағали Мақатаев шығармаларына арналған халықаралық көркем-сөз байқауында бас жүлдені жеңіп алды. Сондай-ақ «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты Абай өлеңдерін жатқа айту сайысында I орын иеленіп, Астана қаласы әкімдігі ұйымдастырған «Өлеңі ақыл, өзі – аңыз» поэзиялық байқауында арнайы алғыс хатқа ие болды.

Әділсұлтан тек өнерде ғана емес, білім бәйгесінде де үздіктер қатарынан көрініп келеді. Республикалық онлайн олимпиадада I орын алып, «Ақбота» зияткерлік олимпиадасында II дәрежелі диплом иеленді. Бұл оның білімге деген қызығушылығы мен үздіксіз ізденісінің нәтижесі.

Жас дарынның таланты республикалық жобаларда да жоғары бағаланды. Ол балалардың сүйікті «Балапан» телеарнасының «Жас кемеңгер» жобасының жеңімпазы атанып, өзінің жан-жақты қабілетін дәлелдеді.

Әділсұлтан шет тілдерін меңгеруге де ерекше көңіл бөледі. Ағылшын тілін тереңдетіп оқып, «English Adventure Race» байқауында «English Ninja» номинациясымен марапатталды. Ал «Englishland Quiz» сайысында I орын алып, тіл үйренуге деген ынтасын тағы бір мәрте көрсетті.

Оның жетістіктері мұнымен шектелмейді. «Заманауи мектеп формасы Defile Battle – 2025»

знаниям и постоянной работы над собой.

Талант юного дарования получил высокую оценку и в республиканских проектах. Адильсултан стал победителем проекта детского телеканала «Балапан» – «Жас кемеңгер», еще раз доказав свою разносторонность и способности.

Особое внимание он уделяет изучению иностранных языков. Углубленно изучая английский язык, он был награжден в номинации English Ninja конкурса English Adventure Race, а также занял I место в интеллектуальном соревновании Englishland Quiz, подтвердив свою заинтересованность в изучении языков.

И это далеко не все его успехи. В проекте «Современная

Әділсұлтан тек өнерде ғана емес, білім бәйгесінде де үздіктер қатарынан көрініп келеді. Республикалық онлайн олимпиадада I орын алып, «Ақбота» зияткерлік олимпиадасында II дәрежелі диплом иеленді

жобасында II орын иеленсе, «Жұлдыз болғың келсе» республикалық байқауында көркем сөз номинациясы бойынша I орынға ие болды. Бұл жеңістер оның сахна мәдениеті мен шығармашылық қабілетінің жоғары деңгейде екенін көрсетеді.

Әрбір жетістіктің артында табанды еңбек, уақытты тиімді пайдалану және өз мақсатына деген сенім жатады. Әділсұлтанның жеңістері – ата-анасының қолдауы, ұстаздарының бағыт-бағдары және өзінің тынымсыз ізденісінің нәтижесі. Осындай дарынды, жан-жақты, білімді жас өрендер – еліміздің мақтанышы.

Біз жас дарынмен тілдесіп, оның жетістікке жету жолындағы құпиялары мен алға қойған мақсаттары жайлы сұхбаттасқан едік.

Әңгімемізді кітапқа деген ерекше сүйіспеншілігінен бастадық:

– Кітап оқуға деген қызығушылығыңыз қашан және қалай басталды? Бұл әдетті қалыптастыруға кім ықпал етті?

– Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің деген жақсы сөз бар ғой. Дәл сол секілді, мен де кітап оқуды, кітапқа деген қызығушылықты ата-анамнан көріп әдетке айналдырдым. Кітап – мен үшін білімнің ғана емес, шабыттың да қайнар көзі.

Оның айтуынша, «Бір беттен тұрса да, бір кітаптың қаймағы, тұтас ойдың оймағы» байқа-

школьная форма Defile Battle – 2025» Адильсултан занял II место, а в республиканском конкурсе «Жұлдыз болғың келсе» стал обладателем I места в номинации художественного чтения. Эти победы еще раз подтверждают высокий уровень его сценической культуры и творческого мастерства.

За каждым достижением стоят упорный труд, умение грамотно распоряжаться своим временем и вера в собственные силы. Победы Адильсултана – это результат поддержки родителей, наставничества учителей и его собственного неустанного стремления к развитию. Такие талантливые, образованные и всесторонне развитые дети – настоящая гордость нашей страны.

Мы побеседовали с юным дарованием и узнали, в чём секрет его успеха и какие цели он ставит перед собой.

– Когда и как у вас появился интерес к чтению книг? Кто повлиял на формирование этой привычки?

– Есть хорошая пословица: «Что увидишь в родном гнезде, то и понесешь с собой в жизнь». Именно так произошло и со мной. Любовь к книгам я перенял у своих родителей. Книга для меня – это не только источник знаний, но и источник вдохновения.

По его словам, звание «Лучший читатель» в конкурсе «Пусть книга состоит всего из одной страницы, но в ней

уында «Үздік оқырман» атануы – осы ізденістің алғашқы жемісі.

– Осыншама байқау мен олимпиадаға қатысып үлгерудің сыры неде? Жарыстарға немесе сахнаға шығар алдында қобалжисыз ба? Толқыныста қалай жеңесіз?

– Әрбір сахнаға шыққан сәт ол толқыныс, қобалжумен басталады. Бірақ анамның: «Балам, сенде барыңды салуыңа тек 2-3 минут қана уақыт бар, басқа мүмкіндік жоқ, болмайды да. Таңдау өзіңде» деген сөздерінен кейін өзімді қолға алып, терең тыныс аламын да өлеңімді айтып шығамын. Тағы бір қызық факт: мен сахна таңдаймын. Егер сахна үлкен, көрермендер көп болса, мен одан сайын шабыттанып, өте жоғарғы деңгейде өлеңімді оқып шығамын, ал керісінше сахна кішкентай, көрермендер аз болса, толық ашыла алмай қаламын. Көркем сөз өнерін таңдағасын, аз уақытта бірнеше өлеңді жаттау және соны мақамына салып мәнерлеп орындау – үлкен еңбек. Жаңа есіме түсіп отыр, анам екеуміз бір түнде ұйықтамай, таңға дейін өлең жаттап, ұйқысыз, таң ата байқауға барғанымыз бар.

– Ата-анаңыз бен ұстаздарыңыз сізге қандай қолдау көрсетеді? Олардың қай кеңесі жадыңызда ерекше сақталған?


– Менің осыншама жетістікке жетуіме, байқауларға қаты-

ОДНАЖДЫ МЫ С МАМОЙ ВСЮ НОЧЬ НЕ СПАЛИ, УЧИЛИ СТИХОТВОРЕНИЕ ДО САМОГО УТРА, А ЗАТЕМ, НЕ ОТДОХНУВ, ОТПРАВИЛИСЬ НА КОНКУРС

заключена суть целого произведения и глубина мысли» стало первым серьезным результатом его стремления к знаниям.

– В чем секрет того, что вы успеваете участвовать в таком большом количестве конкурсов и олимпиад? Волнуетесь ли вы перед соревнованиями или выходом на сцену? Как вам удается справиться с волнением?

– Каждый выход на сцену начинается с волнения. Но потом я вспоминаю слова мамы: «Сынок, у тебя есть всего две-три минуты, чтобы показать все, на что ты способен. Другого шанса не будет. Выбор за тобой». После этих слов я беру себя в руки, глубоко вдыхаю и начинаю читать стихотворение.



суыма бірден-бір себепкер адам – ұстазым Мусина Айнұр Тұрсыновна! Мен қарыздармын ұстазыма, ол кісі әр кез жадыма салып отырады: «Әділсұлтан, сен алғырсың, сенің қолыңнан бәрі келеді, тек талмай, үздіксіз еңбек етсең жемісін көресің», – деп. Ал ата-анам – менің оң және сол қанатым, қамқоршыларым! Маған әр кез мотивация беретін, барлық жағдайымды жасайтын алтын адамдарым! Әр жеңіске жеткеннен кейін, мақтанышпен анам екеуміздің эмоциямен айтатын «Еңбек ақталды» деген сөзіміз бар.

– Болашақта қандай мамандық иесі болуды арман-дайсыз? Сол арманыңызға жету үшін қазірден қандай қадамдар жасап жүрсіз?

Есть еще один интересный факт – я выбираю сцену. Чем больше сцена и чем больше зрителей, тем сильнее мое вдохновение и тем лучше я выступаю. А если сцена маленькая и зрителей немного, мне бывает сложнее полностью раскрыться. Раз уж я выбрал художественное чтение, приходится за короткое время запоминать несколько стихотворений и учиться выразительно их исполнять. Это большой труд. Сейчас вспомнил один случай: однажды мы с мамой всю ночь не спали, учили стихотворение до самого утра, а затем, не отдохнув, отправились на конкурс.

– Какую поддержку вам оказывают родители и учителя? Какой их совет особенно запомнился вам?

– Человек, благодаря которому я достиг стольких успехов и начал участвовать в конкурсах, – это мой учитель Мусина Айнур Турсыновна. Я очень благодарен ей. Она всегда говорит мне: «Адильсултан, ты способный, у тебя все получится. Главное – не переставай трудиться, и обязательно увидишь результат». А мои родители – мои два крыла, мои самые надежные помощники. Они всегда мотивируют меня и создают все условия для моего развития. После каждой победы мы с мамой с радостью говорим друг другу: «Наш труд оправдался».

– Кем вы мечтаете стать в будущем? Какие шаги уже

Я МЕЧТАЮ СТАТЬ АКТЕРОМ, ИЗВЕСТНЫМ ВО ВСЕМ МИРЕ, КАК НАШ ДИМАШ, И ПРОСЛАВЛЯТЬ КАЗАХСТАН

– Қазақстанымыздың атын шығаратын актер болғым келеді. Бірақ мен үшін білім бірінші орында. Ең әуелі мектеп базасын толық меңгеріп, мектепті үздік аяқтау, одан кейін өз біліміммен шет елге оқуға түсу – мақсатым. Ал актерлік саласына келетін болсам, жақсы сөз – жарым ырыс демей ме, бір күні Қазақстанымыздың ең жас, талантты нөмірі бірінші актері болатыныма сенемін!

– Өзіңіз сияқты білімге, кітап оқуға және шығармашылыққа қызығатын қатарластарыңызға қандай кеңес берер едіңіз?


– Қатарластарыма айтарым, кітап оқыңыздар, білімпаз болыңыздар, әр кез ізденісте жүріңіздер. Анам айтатындай, қазір бәрі бар, бүкіл жағдай жасалған заманда тек оқу керек. Ерінбеу, жалқаулыққа бой алдырмау керек. Талмай еңбек етсең, жемісін міндетті түрде көресің.

сейчас предпринимаете, чтобы осуществить свою мечту?

– Я мечтаю стать актером, известным во всем мире, и прославлять Казахстан. Но для меня на первом месте всегда стоит образование. Сначала я хочу отлично окончить школу, затем поступить за границу благодаря своим знаниям. А если говорить об актёрской профессии, то, как говорится, доброе слово – половина счастья. Я верю, что однажды стану самым молодым и самым талантливым актером Казахстана.


– Что бы вы посоветовали своим сверстникам, которые, как и вы, интересуются учебой, чтением книг и творчеством?

– Я хочу пожелать всем ребятам читать книги, стремиться к знаниям и всегда находиться в поиске нового. Как говорит моя мама, сегодня у нас есть все возможности для учебы, поэто-



Расында, Әділсұлтанның жарқын жолы – арманға еңбекпен жетуге болатынының жарқын үлгісі. ■

Сұхбаттасқан
С.Е.Нурахметова,
редактор,
«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты,
Алматы қ.



му нужно просто учиться. Не ленитесь, не поддавайтесь лени. Если трудиться не покладая рук, обязательно увидишь плоды своего труда.

Действительно, история Адильсултана – яркий пример того, что упорство, любовь к знаниям и ежедневный труд помогают воплощать мечты в реальность. ■

Беседовала:
С. Е. Нурахметова,
редактор,
Национальный научно-практический институт благополучия детей «Өркен»,
г. Алматы



ШӘМШІНІҢ ІЗІН ҚУҒАН ЖАС ДАРЫН

ПО СТОПАМ ШАМШИ

Ауылдың қарапайым тір-шілігі өз ағымымен өтіп жатқанда, бұл шаңырақтан күн сайын кешкісін сиқырлы әуен төгіледі. 12 жасар баланың сыңғырлаған дауысы мен «Ямаха» аспабының үні ғаламтор арқылы мыңдаған

Пока жизнь в обычном ауле течёт своим размеренным чередом, в этом доме каждый вечер рождается настоящая музыка. Звонкий голос 12-летнего мальчика и мелодии, звучащие из его синтезатора Ямаха, через интернет



ЖАС ТАЛАНТТЫҢ РЕПЕРТУАРЫ ӨТЕ БАЙ. ОҒАН ДӘСТҮРЛІ ӘНДЕРДІ ДЕ, ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЭСТРАДАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ТУЫНДЫЛАРДЫ ДА ОРЫНДАҒАН БІРДЕЙ ҰНАЙДЫ

жанның жүрегіне жол тартады. Ол үлкен сахнада емес, өзінің шағын бөлмесінде отырып-ақ 2 мыңнан аса көрерменге «жеке концертін» береді. Бүгінгі басты кейіпкеріміз – Түркістан облысының тумасы, әлеуметтік желі-

находят путь к сердцам тысяч людей. Не выходя на большую сцену, сидя в своей небольшой комнате, он собирает более двух тысяч зрителей и устраивает для них настоящий «личный концерт». Герой нашего сегодняшнего интервью – юный талант Бегалы Нурхан, уроженец Туркестанской области, который благодаря своему творчеству обрёл преданных слушателей в социальных сетях.

Яблоко от яблони недалеко падает...

Нурхан Нурланулы родился 22 марта 2014 года в селе Жартытобе Сарыагашского района Туркестанской области. Он растёт в большой, дружной семье и является одним из семерых детей. У Нурхана две старшие сестры, а сам он – третий ребёнок в семье. Его отец работает водителем больше-

де өз тыңдармандарын тапқан жас дарын – Бегалы Нұрхан.

Әке көрген оқ жонар

Нұрхан Нұрланұлы 2014 жылдың 22 наурызында Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жартытөбе елдімекенінде дүниеге келген. Ол үлкен әрі тату отбасында өсіп келе жатқан жеті баланың бірі. Алдында екі әпкесі бар, отбасындағы үшінші перзент. Әкесі үлкен жүк көлігінің жүргізушісі болса, анасы – отбасының ұйытқысы, шаңырақтың жылуын сақтап отырған алтын құрсақты ана.

Биылдан бастап 6-сыныпқа өткен жасөспірімнің өнерге деген махаббаты әкесі арқылы дарығаң деуге болады. Шаңырақтың отағасы гитара мен ямаха (синтезатор) аспаптарында еркін ойнайды. Бала бойындағы ерекше бейімділікті де бірінші болып байқаған – осы әкесі.

«Ол кезде 10 жаста едім. Әкем менің музыкаға деген дарынымды байқап, бірден қолдау білдірді. Өзі де аспапта ойнайтындықтан, ямаханың қыр-сырын үйретіп, алғашқы бағыт-бағдар берді. Сондықтан менің бірінші әрі басты ұстазым – өз әкем. Ал екінші ұстазым ретінде ауылдағы мәдениет үйінде жұмыс істейтін Бауыржан ағайымды ерекше атап өткім келеді», - дейді Нұрхан ағынан жарылып.

Сұхбат барысында жас дарын өзінің ең алғаш жаттап, орындаған әні – «Ауылым» екенін айтып, бізге де сол әнді

грузного автомобиля, а мама – хранительница семейного очага, многодетная мать, которая с любовью и заботой создаёт в доме атмосферу тепла, уюта и взаимопонимания.

С этого года Нурхан перешёл в 6-й класс. Любовь к музыке ему, без преувеличения, привил отец. Глава семьи свободно играет на гитаре и синтезаторе Ямаха. Именно он первым заметил у сына особый музыкальный талант и решил помочь ему раскрыться.

«Тогда мне было 10 лет. Отец заметил, что у меня есть способности к музыке, и сразу поддержал меня. Поскольку он сам играет на музыкальных инструментах, именно он познакомил меня с синтезатором Ямаха, научил основам игры и дал первые наставления. Поэтому моим первым и самым главным учителем был мой отец. А вторым наставником я считаю Бауыржана агая, который работает в сельском Доме культуры», – с искренностью рассказывает Нурхан.

Во время интервью юный талант рассказал, что первой песней, которую он выучил и исполнил, стала «Ауылым». А затем с особым мастерством и душевностью исполнил эту композицию и для нас.

Секрет «Ямахи» и уважение к Шамши

То, что среди всех музыкальных инструментов Нурхан выбрал именно синтезатор Ямаха, вовсе не случайность.



нақышына келтіре шырқап берді.

«Ямаханың» құпиясы және Шәмшіге деген құрмет

Музыкалық аспаптардың ішінен ямаханы таңдауы тегін емес. Нұрханның айтуынша, бұл аспаптың мүмкіндігі өте зор. «Ямаха өзіме қатты ұнайды, себебі бұл аспап арқылы кез келген әнді ойнау оңай, әуеннің сүйемелдеуін өз қалауыңша түрлендіруге болады», - дейді ол.

Жас таланттың репертуары өте бай. Оған дәстүрлі әндерді де, қазіргі заманғы эстрада-

По его словам, возможности этого инструмента поистине впечатляют. «Мне очень нравится Ямаха, потому что на этом инструменте легко сыграть практически любую песню. Кроме того, можно по своему желанию менять музыкальное сопровождение и по-разному обыгрывать мелодию», – говорит он.

Репертуар юного таланта очень разнообразен. Ему одинаково нравится исполнять как традиционные казахские песни, так и современные эстрадные произведения. Однако особое место в его сердце занимает человек, которого он считает своим главным творческим ориентиром, – король казахского вальса, великий композитор Шамши Калдаяков. В будущем Нурхан мечтает, подобно Шамши-ата, создавать красивые мелодии, которые останутся в памяти народа, и стать композитором, чьи произведения будут жить в сердцах слушателей.

«Личный концерт», начавшийся с одного маминого видео

История популярности Нурхана в TikTok началась совершенно случайно. Однако за этой случайностью скрываются большой труд, упорство и безграничная поддержка родителей.

«Однажды, когда я пел дома, мама незаметно сняла меня на видео и выложила ролик в социальные сети. Позже мы

лық бағыттағы туындыларды да орындаған бірдей ұнайды. Дегенмен, оның жүрегінен ерекше орын алған, үлгі тұтатын тұлғасы – қазақ вальсінің королі, ұлы композитор Шәмші Қалдаяқов. Нұрхан болашақта Шәмші атасы сияқты әдемі әуендер жазып, ел есінде қалатын сазгер болуды мақсат етеді.

Ананың бір видеосынан басталған «жеке концерт»

Нұрханның Тикток желісінде танымал болу оқиғасы кездейсоқтықтан басталған. Алайда, сол кездейсоқтықтың артында үлкен еңбек пен ата-ананың шексіз қолдауы тұр.

«Бірде үйде ән орындап жатқанымда, анам сыртымнан видеоға түсіріп, әлеуметтік желіге жүктеп жіберіпті. Кейін қарасақ, видеоның қаралымы күрт артып кеткен. Адамдардың жазып жатқан жылы лебіздері мен тілектері өте көп болды. Халықтың ықыласын көрген соң, біз бұл бағытты әрі қарай жалғастыруды ұйғардық. Тікелей эфирге шыға бастадық. Уақыт өте келе эфир қаралымы көбейіп, тыңдармандардың сұрауымен әр кеш сайын тікелей эфирде өзімнің «жеке концертімді» беруді әдетке айналдырдым», - дейді жас әнші.

Қазіргі таңда оның әр стримінде 2 мыңнан аса адам отырады. Олар Нұрханға түрлі әндерге тапсырыс беріп, ақжарма тілектерін қарша боратады.

увидели, что количество просмотров стремительно растет. Люди оставляли очень много тёплых слов, добрых пожеланий и слов поддержки. Увидев такой искренний отклик, мы решили продолжить развиваться в этом направлении. Я начал выходить в прямые эфиры. Со временем аудитория становилась всё больше, и по просьбам зрителей я сделал доброй традицией каждый вечер проводить в прямом эфире свой «личный концерт», – рассказывает юный исполнитель.

Сегодня каждый его стрим собирает более двух тысяч зрителей. Они заказывают Нурхану любимые песни, оставляют искренние пожелания и щедро дарят ему слова поддержки.

Комментарии в сети, или как родители защищают сына от хейта

У виртуального мира свои правила. Наряду с доброжелательными людьми в социальных сетях всегда находятся и те, кто оставляет неприятные комментарии. Однако Нурхан относится к этому по-взрослому – спокойно и сдержанно. И здесь надёжной опорой для него остаются родители.

«Конечно, когда читаешь слова похвалы, настроение поднимается и появляется ещё больше вдохновения. А на негативные комментарии я стараюсь не обращать внимания. За моей страницей также следят родители. Как только они замечают пользователей с недобрыми намерениями, сра-

Желідегі пікірлер немесе ата-анасы баласын хейттен қалай қорғайды

Виртуалды әлемнің өз заңдылықтары бар. Желіде жақсы адамдармен қатар, жағымсыз пікір жазатындар да табылады. Бірақ Нұрхан бұл мәселеге өте ересек адамша, салмақты қарайды. Мұнда да оған ата-анасы қорған болып отыр.

«Әрине, мақтау сөз оқысаң көңіл-күйің көтеріліп, шабыттанып қаласың. Ал жағымсыз пікірлерге аса мән бермеуге тырысамын. Менің парақшамды ата-анам да бақылап отырады. Олар ондай теріс пиғылды қолданушыларды байқаған бойда бірден бұғаттап тастайды», - дейді ол.

Ғаламторда мыңдаған тыңдарманы болғанымен, шынайы өмірде Нұрхан – қарапайым ауыл баласы. Ол аймақтағы мәдени шараларға белсенді қатысып қана қоймай, үйдің шаруасына да көмектеседі. Ата-анасының қолғанаты, бауырларына қамқор аға бола білген ол өнер мен тұрмысты тең ұстап жүр.

Арманға қадам және замандастарға кеңес

Жас талант болашақта елге танымал үлкен әнші болуды армандайды. Сондай-ақ, алдағы уақытта республикалық байқауларға қатысып, бағын сынап көруді жоспарлап отыр.

Өзі сияқты бойында өнері бар, бірақ оны көпшілікке көрсетуге ұялатын балаларға Нұрханның айтар өз ақылы бар:

зу же блокируют их», – говорит он.

Несмотря на то что в интернете у Нурхана тысячи поклонников, в реальной жизни он остаётся самым обычным сельским мальчишкой. Он не только активно участвует в культурных мероприятиях своего района, но и помогает родителям по хозяйству. Будучи надежной опорой для родителей и заботливым старшим братом для своих младших братьев и сестёр, Нурхан успешно совмещает творчество с повседневной жизнью.

Шаг к мечте и совет сверстникам

Юный талант мечтает стать известным певцом и завоевать любовь слушателей по всей стране. В ближайшем будущем он также планирует принять участие в республиканских конкурсах и попробовать свои силы на большой сцене.

У Нурхана есть совет и для таких же талантливых ребят, которые, несмотря на свои способности, стесняются показать их окружающим:

«Я знаю, что, как и я, очень многие дети увлекаются творчеством и обладают талантом. И меня это очень радует. Хочу сказать им одно: не прячьте свой талант, не бойтесь показать его миру. Если вам нравится петь, используйте возможности интернета с пользой. Слушайте как можно больше хороших песен, учите их, постоянно развивайте свои


ВИДЕО REELS ОПУБЛИКОВАНО 18 СЕНТЯБРЬ 2026 Г.
АВТОР: INABAT_NEWS

«Өзім секілді өнерге қызығатын талантты балалардың көп екенін білемін және оған өте қуанамын. Оларға айтарым: талантты іште бүркемей, оны сыртқа шығаруға қорықпаңыздар. Егер ән айтуға қызықсаңыз, ғаламтор желісін тиімді пайдаланыңыз. Көптеген әндерді тыңдап, жаттап, бойыңыздағы қабілетті үнемі шыңдап отыру қажет. Тоқтаусыз ізденіс пен еңбектің арқасында ғана үлкен жетістікке жетуге болады. Мен де осындай талпыныстың арқасында осы дәрежеге жетіп отырмын».

Сөзінің соңында жас әнші «Инабат» журналының барша оқырмандарына өзінің шын жүректен шыққан ақ тілегін арнады:

«Журналдың құрметті оқырмандары, сіздермен өз әңгімемді бөлісіп отырғаныма өте қуаныштымын. Біздің әрқайсымыздың ішімізде үлкен талант бар, бастысы ұялмай оны көрсете білейік. Үйімізде ылғи қуаныш болып, ата-аналарымызды тек жақсы жаңалығымызбен қуантайық. Үлкен армандарыңызға жете беріңіздер!»

Нұрханның оқиғасы – тек бір дарынды баланың ғана емес, дұрыс тәрбие мен отбасылық қолдаудың қандай ғажап нәтиже беретінінің жарқын көрінісі. Әкенің уақытылы бағыт беруі, ананың кішкентай ғана видео арқылы жасаған сенімі бүгінде бала арманға қанат бітіріп отыр. Ендеше, біз де кішкентай таланттардың қанаты талмасын деп тілейік! ■

способности. Только благодаря упорному труду, постоянному поиску и стремлению к совершенству можно добиться больших успехов. Я и сам достиг того, что имею сегодня, именно благодаря настойчивости и любви к своему делу».

В завершение беседы юный исполнитель обратился с искренними пожеланиями ко всем читателям журнала «Инабат»:

«Дорогие читатели журнала, я очень рад, что смог поделиться с вами своей историей. У каждого из нас есть большой талант – главное, не стесняться раскрывать его. Пусть в ваших домах всегда царят радость и счастье, а родители гордятся нами и радуются только хорошим новостям. Желаю каждому из вас осуществить свои самые большие мечты!»

История Нурхана – это рассказ не только об одном талантливом мальчике, но и яркий пример того, каких удивительных результатов можно добиться благодаря правильному воспитанию и искренней поддержке семьи. Вовремя протянутая отцом рука помощи и вера матери, начавшаяся с одного небольшого видеоролика, сегодня помогают ребёнку уверенно идти к своей мечте. Пусть же крылья маленьких талантов никогда не устают, а их мечты обязательно становятся реальностью! ■

БАЛАЛАРҒА ДЕТЯМ



Қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға арналған ойындар

Неліктен ерте бастаған маңызды?

- Қаржылық әдеттер мен ақшаға деген көзқарас (үнемдеу немесе ойланбай жұмсау) қалыптасады.
- Заттардың құндылығын түсіну, жоспарлау және ақша жинау дағдылары дамиды.
- Ерте жастан қалыптасқан тәжірибе өзіне деген сенімді арттырып, ересек өмірдегі қаржылық күйзелістің алдын алады.

Рассмотри игры на закладывание финансовой грамотности и почему это важно.

Почему начинать рано?

- Формируются финансовые привычки и отношение к деньгам (экономия и импульсивность).
- Развивается понимание ценности вещей, планирование и откладывание.
- Ранняя практика повышает уверенность и снижает склонность к финансовым стрессам во взрослом возрасте.

Қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға арналған ойындар



Неліктен ерте бастаған маңызды?

- **Қаржылық әдеттер** мен ақшаға деген **көзқарас** (үнемдеу немесе ойланбай жұмсау) қалыптасады.
- **Заттардың құндылығын түсіну**, жоспарлау және ақша жинау дағдылары дамиды.
- **Ерте жастан** қалыптасқан **тәжірибе** өзіне деген **сенімді** арттырып, ересек өмірдегі қаржылық күйзелістің алдын алады.

Бүгінгі дұрыс дағды – ертеңгі жарқын болашақ!



Жас ерекшелігіне қарай ойындар мен жаттығулар

Бастауыш сынып оқушылары (6–10 жас)

«Бір апталық отбасылық бюджет»
Балаға аздаған ақша беріп, оны бірге «тамаққа, ойыншыққа немесе жинаққа» қалай бөлетінін жоспарлаңыздар. Сатып алудың салдарын бірге талқылаңыздар.

«Тілектер картасы»
Бала өз мақсатын (ойыншық) жазып, оған жету үшін қанша және қалай ақша жинайтынын жоспарлайды.

6–10 жас – «Мақсатқа арналған қоржын»

Қажетті материалдар: мөлдір банка, жапсырмалар, маркер, мақсат жазылған карточка.

Ережесі: бала мақсатын (ойыншық) таңдайды, қажетті соманы апталарға бөледі, ұсақ үй тапсырмаларын орындағаны үшін «жалақы» алады.

Қалыптасатын дағдылар: жоспарлау, ақша жинау, санау.

Аралық ынталандыру: жетістіктерді белгілеп отыру, аралық мақсаттарға жеткені үшін мадақтау.



Арманға қадам – жоспардан басталады!

Жасөспірімдер (11–17 жас)

«Жоба-жұмыс»
Балаға қалаған затына ақша табуды ұсыныңыз (жартылай жұмыс, репетиторлық, қолөнер бұйымдарын сату). Табыс пен шығыстың қарапайым есебін жүргізуді үйретіңіз.

«Инвестициялық ойын»
Акциялар немесе депозиттерден тұратын виртуалды инвестициялық портфель құрып, тәуекел мен табыстылықты бірге талқылаңыздар. Ойын ата-ана мен баланың бірлескен қиялына негізделеді.

«Жоба бюджеті»

Қажетті материалдар: бюджет парағы (табыс, шығыс), калькулятор, тілектер тізімі.

Ережесі: бала шағын жобаны (саяхат, сыйлық) жоспарлап, оның құнын есептейді, табысы мен үнемделген қаражатты бөледі.

Қалыптасатын дағдылар: басымдықтарды анықтау, есептеу, ымыраға келу.

Ата-анаға: «Қайсысы маңыздырақ – билет бағасы ма, әлде кәдесый ма?», «Шығынды қалай азайтуға болады?» деген сұрақтарды қойып отырыңыз.



Бүгінгі жоспар – ертеңгі мүмкіндік!

Рассмотри игры на закладывание финансовой грамотности и почему это важно.



Почему начинать рано?

- Формируются финансовые привычки и отношение к деньгам (экономия и импульсивность).
- Развивается понимание ценности вещей, планирование и откладывание.
- Ранняя практика повышает уверенность и снижает склонность к финансовым стрессам во взрослом возрасте.

Финансовая грамотность — это свобода выбора в будущем ♡



Игры и упражнения по возрастам

Младшие школьники (6–10 лет)

«Семейный бюджет на неделю»: дайте ребенку небольшую сумму и вместе распланируйте на «еду, игрушки или сбережения». Обсуждайте последствия покупок.

«Карта желаний»: ребенок пишет цель (игрушка) и планирует, сколько и как будет копить.

6–10 лет – «Копилка-цель»

Материалы: прозрачная банка, наклейки, маркер, карточка с целью.

Правила: ребенок выбирает цель (игрушка), делит сумму на недели, получает «зарплату» за мелкие обязанности.

Навык: планирование, откладывание, счет.

Промежуточная мотивация: мелкие отметки прогресса, поощрение за достижение промежуточных целей.



Маленькие шаги — большие цели

Подростки (11–17 лет)

«Проект-работа»: предложите заработать на желаемую вещь (подработка, репетиторство, продажа поделок), вести простой учет доходов и расходов.

«Инвестиционная игра»: виртуальный портфель акций или вкладов, обсуждение риска и доходности. Делается на фантазии родителей и детей совместно.

«Бюджет проекта»

Материалы: лист бюджета (доходы, расходы), калькулятор, список желаний.

Правила: ребенок планирует мини-проект (поездка, подарок), рассчитывает стоимость, распределяет доходы и экономию.

Навык: приоритизация, расчет, компромисс.

Родитель: задавайте вопросы «Что важнее – цена билета или сувенир? Как сократить расходы?»



Умение управлять деньгами — это уверенность в завтрашнем дне ♡

ӨРКЕН
БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
БАС РЕДАКТОР / ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР
Е. Н. Сакенова

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС
РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ
Р. Ф. Кудякова
А. М. Саликова
И. В. Калачева
Б. К. Кудышева, п. ғ. к., к. п. н.
М. К. Таипова, п. ғ. к., к. п. н.
Г. Б. Омарова, п. ғ. к., к. п. н.
А. Х. Мухтаров, филол. ғ. к., к. филол. н.

ДИЗАЙН ЖӘНЕ БЕТТЕУ
ДИЗАЙН И ВЕРСТКА
А. Р. Айтахунов
Фото freepik.com
Фото unsplash.com
ИИ изображения gemini.google.com
ИИ изображения

ЖУРНАЛДЫҢ МЕНШІК ИЕСІ
"ӨРКЕН" балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты" КеАҚ

СОБСТВЕННИК ЖУРНАЛА
НАО "Национальный научно-практический институт благополучия детей "ӨРКЕН"

Шығарушы редактор
Выпускающий редактор
А.Д. Амангелді

РЕДАКТОР-корректор
Е. М. Песина
С. Е. Нурахметова

ЖУРНАЛ ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ЖИІЛІГІ
Ай сайын

ПЕРИОДИЧНОСТЬ ВЫПУСКА ЖУРНАЛА
Ежемесячный

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Дарын-1 ықшамауданы, 47/5 үй "ӨРКЕН" балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты" КеАҚ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінің 2024 жылғы 15 наурызда берген № KZ52VPY00089109 тіркеу куәлігі

Регистрационное свидетельство № KZ52VPY00089109 от 15 марта 2024 года выдано Комитетом информации Министерства культуры и информации Республики Казахстан.

АДРЕС РЕДАКЦИИ:
Республика Казахстан, 050000, г. Алматы, Бостандыкский район, мкр. Дарын-1, д. 47/5
НАО "Национальный научно-практический институт благополучия детей "ӨРКЕН"

Деректердің дәлдігі мен ақпараттың сенімділігі үшін материал авторлары жауапты.

За точность фактов и достоверность информации ответственность несут авторы материалов.